



SDU  
— 1996 —  
SCIENCE

PEDAGOGY AND  
TEACHING METHODS



**«SDU University»  
ХАБАРШЫСЫ**

**BULLETIN**  
of «SDU University»

**ВЕСТНИК**  
«SDU University»

**ПЕАГОГИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ  
PEDAGOGY AND TEACHING METHODS  
ПЕДАГОГИКА И МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ**

**Vol 64 №3/2023**

2006 жылдан бастап «Сүлейман Демирел атындағы университетінің  
хабаршысы» ішінара жалғасуда

Continues partially «Suleyman Demirel University Bulletin » since 2006  
Продолжает частично «Вестник университета имени Сулеймана  
Демиреля» с 2006 года

Жылына 4 рет шығады  
Published 4 times a year  
Выходит 4 раза год

Каскелен / Kaskelen / Каскелен  
2023

**Бас редактор**  
**Смакова К.**, PhD, асист.проф., SDU University, Қазақстан

**Техникалық редактор**  
**Ерланова Д.**, Ғылым департаментінің маманы, SDU University, Қазақстан

**Редакциялық алқа:**

<b>Бекенова Г.</b>	PhD, қауымд. проф., SDU University (Қазақстан)
<b>Дәүлетқұлова А.</b>	Педагогика ғылымдарының кандидаты, қаумд. проф., SDU University (Қазақстан)
<b>Доганай Я.</b>	PhD, Банги университетінің ага оқытушысы (Орталық Африка Республикасы)
<b>Егоров С.</b>	PhD, асист. проф., SDU University (Қазақстан)
<b>Ерхожина Ш.</b>	Педагогика ғылымдарының кандидаты, асист. проф., SDU University (Қазақстан)
<b>Есжанов Т.</b>	PhD, қаумд. проф., SDU University профессоры (Қазақстан)
<b>Жұмақаева Б.</b>	Педагогика ғылымдарының кандидаты, SDU University профессоры (Қазақстан)
<b>Қасымова Г.</b>	Педагогика ғылымдарының докторы, SDU University профессоры (Қазақстан)
<b>Лукашова С.</b>	МА, ага оқытушы, SDU University (Қазақстан)
<b>Мирзоева Л.</b>	Филология ғылымдарының докторы, SDU University профессоры (Қазақстан)
<b>Наташа Б. М.</b>	PhD, Приштина университеті (Косово)
<b>Нури Б.</b>	PhD, асист. проф., SDU University (Қазақстан)
<b>Ордабекова Х.</b>	PhD, SDU University профессоры (Қазақстан)
<b>Төлепова С.</b>	PhD, асист. проф., SDU University (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай районы  
040900, Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі 1/1  
\*e-mail: [diana.yerlanova@sdu.edu.kz](mailto:diana.yerlanova@sdu.edu.kz)

SDU University хабаршысы: педагогика және оқыту әдістемесі  
ISSN 2709-264X (online)  
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен тіркелген  
07.04.2021, №KZ46VPY00034121 қайта есепке қою туралы қуәлігі  
SDU University  
Сайт: <https://journals.sdu.edu.kz/>

**Editor-in-chief**

**Smakova K.**, PhD, assist. professor, SDU University, Kazakhstan

**Technical editor**

**Yerlanova D.**, Science department specialist, SDU University, Kazakhstan

**Editorial board:**

<b>Bekenova G.</b>	PhD, associate professor of SDU University (Kazakhstan)
<b>Dauletkulova A.</b>	Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of SDU University (Kazakhstan)
<b>Doganay Y.</b>	PhD, senior lecturer at BANGUI University (Central African Republic)
<b>Erhozhina Sh.</b>	Candidate of Pedagogical Sciences, assistant professor of SDU University (Kazakhstan)
<b>Kassymova G.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of SDU University (Kazakhstan)
<b>Lukashova S.</b>	MA, Senior Lecturer, SDU University (Kazakhstan)
<b>Mirzoeva L.</b>	Doctor of philology, professor of SDU University (Kazakhstan)
<b>Nataša B. M.</b>	PhD, University of Priština - Kosovska Mitrovica (Kosovo)
<b>Nuri B.</b>	PhD, Assistant professor of SDU University (Kazakhstan)
<b>Ordabekova H.</b>	PhD, professor of SDU University (Kazakhstan)
<b>Yegorov S.</b>	PhD, assistant professor of SDU University (Kazakhstan)
<b>Yechshzhanov T.</b>	PhD, associate professor of SDU University (Kazakhstan)
<b>Tulepova S.</b>	PhD, assistant professor of SDU University (Kazakhstan)
<b>Zhumakayeva B.</b>	Candidate of Pedagogical Sciences, Professor of SDU University (Kazakhstan)

Address of the editorial office: Almaty region, Karasai district.

040900, city of Kaskelen, st. Abylai Khan 1/1

\*e-mail: [diana.yerlanova@sdu.edu.kz](mailto:diana.yerlanova@sdu.edu.kz)

SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods  
ISSN 2709-264X (online)

Registered by the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan  
Certificate of re-registration №KZ46VPY00034121 from 07.04.2021

SDU University

Site: <https://journals.sdu.edu.kz/>

**Главный редактор**  
**Смакова К.**, PhD, ассист. проф., SDU University, Казахстан

**Технический редактор**  
**Ерланова Д.**, специалист департамента Науки, SDU University, Казахстан

**Редакционная коллегия:**

<b>Бекенова Г.</b>	PhD, ассоц. проф., SDU University (Казахстан)
<b>Даuletкулова А.</b>	Кандидат педагогических наук, ассоц. проф., SDU University (Казахстан)
<b>Доганай Я.</b>	PhD, старший преподаватель Университета Банги (Орталық Африка Республикасы)
<b>Егоров С.</b>	PhD, ассист. проф., SDU University (Казахстан)
<b>Ерхожина Ш.</b>	Кандидат педагогических наук, ассист. проф. SDU University (Казахстан)
<b>Есжанов Т.</b>	PhD, қаумд. проф., SDU University (Қазақстан)
<b>Жумакаева Б.</b>	Кандидат педагогических наук, профессор SDU University (Казахстан)
<b>Касымова Г.</b>	Доктор педагогических наук, профессор SDU University (Казахстан)
<b>Лукашова С.</b>	МА, старший преподаватель SDU University (Казахстан)
<b>Мирзоева Л.</b>	Доктор филологии, профессор, SDU University (Казахстан)
<b>Наташа Б. М.</b>	PhD, Приштинский университет (Косово)
<b>Нури Б.</b>	PhD, ассист. проф., SDU University (Казахстан)
<b>Ордабекова Х.</b>	PhD, профессор, SDU University (Казахстан)
<b>Тулепова С.</b>	PhD, ассист. проф., SDU University (Казахстан)

Адрес редакции: Алматинская область, район Карабай  
040900, город Каскелен, ул. Абылай хана 1/1  
\*e-mail: [diana.yerlanova@sdu.edu.kz](mailto:diana.yerlanova@sdu.edu.kz)

Вестник SDU University: педагогика и методы обучения  
ISSN 2709-264X (online)  
Зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики  
Казахстан  
Свидетельство о переучета №KZ46VPY00034121 от 07.04.2021  
SDU University  
Сайт: <https://journals.sdu.edu.kz/>

## **МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ**

### **ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

<i>I. Избай, Б. Биахметов.</i> Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романындағы уақыт пен кеңістік категориясы.....	6
<i>Д. Базарбекова.</i> Цифрландыру жағдайында білім берудің 8-сынып геометриясын оқытуда қолданудың әдістемелік ерекшеліктері.....	16
<i>М.С.Жолшаева, Ж.А.Балтамуратова.</i> Эпистолярлық тілдік тұлға: категориялық және типологиялық ерекшелік .....	29
<i>Ә. Мереева.</i> Фразеологияны оқытуда когнитивті-коммуникативті әдістәсілдерді қазак тілі сабағында қолдану .....	41

## **ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ**

### **PEDAGOGY AND TEACHING METHODS**

*FTAMP 17.01.11*

*DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v63i2.935>*

*Ізбай Іңкәр Өмірбекқызы<sup>1</sup>\*, Биахметов Бауыржан<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Қаскелең к., Қазақстан

<sup>2</sup> Глазго университеті, Шотландия

\*e-mail: [211301018@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301018@stu.sdu.edu.kz)

### **ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ «ҒАСЫРДАН ДА ҰЗАҚ КҮН» РОМАНЫНДАҒЫ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК КАТЕГОРИЯСЫ**

**Андатпа.** Мақалада қырғыз халқының жазушысы Шыңғыс Айтматовтың алғашқы туындыларының бірі «Ғасырдан да ұзақ күн» романы мен хронотоп мәселесі қарастырылды. Қазақ прозасындағы көркем уақыт пен кеңістік мәселесіндегі психологиязм, кейіпкерлер әлемі, эмоциялыққұбылуардың сюжет динамикасына әсері сөз болып, авторлық баяндауға ден қойылды. Көркем кеңістік пен уақыт байланысы күрделі сипат алған Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романы талданды. Әдеби көркем туындыда кеңістік пен уақыт белгілері, оның сипатын беретін негізгі элементтер түр-түрге бөлініп шығарма құрылымын құрайды. Мақалада олардың арасындағы байланыс пен алшақтық, бірігуі мен бөлінуінің автор қолданысындағы көрінісі қарастырылды. «Боранды бекет» атап кеткен Ш. Айтматовтың шығарма құрылымындағы сюжеттік құрылымында маңызды рөл атқарған уақыт және кеңістік категориясының түрлеріне кеңірек тоқталып, романнан үзінді мысалдармен дәйектелді.

**Түйін сөздер:** хронотоп, автор, әлеумет, психология, мәдени-тарихи хронотоп, кейіпкер, уақыт, кеңістік.

*Kipicne*

Шыңғыс Айтматов шығармаларына қазақ топырағының тыныс-

тіршілігн арқау еткен жазушылардың бірі. Жазушы үшін қазақ пен қыргыз – бөліп-жаруға келмейтін біртұтас әлем. Екі халықтың қойы қоралас, ойы аралас болғанына бала күнінен қуә болып, сезініп өскен. Бұл туралы жазушы: «қазақ пен қыргыздың тағдыры бір, тауқыметі де қуанышы да ортақ. Әуезові де ортақ» дейді[2]. Басқа түркі халықтарынан гөрі қазақтың тағдыры таныс, тамыры жақын болғаннан болар өз ұлтындай шын сүйіп, бірнеше шығармасына оның тіршілігін арқау етеді.

«Ғасырдан да ұзак күн» романы әлем әдебиеті классигі Шыңғыс Айтматовтың замана зары, адамзат пен Жер Ана трагедиясын қатар суреттеген туындыларының бірі. Романның негізі сюжеті темір жол бекетінде қырық жылдам астам өмір сүріп, еңбек еткен Қазанғаптың қаза болуы мен жерлеуіне байланыста өрбиді. Боранды Едіге мен ол көрген бар жанның өмір жолы Қазанғапты жерлемекші болған Ана-Бейтке апарар жолда баян етіледі. Бірақ бұл туындының бір ғана оқиғадан тұратын жұтаңдығын білдірмейді, керісінше бір өліммен бір ғасырға татитын уақыт шенберіндегі өмірлер арпалысын баян етеді. Сонысымен де роман құрылымында уақыт пен кеңістік мәселесі маңызды рөл атқарған. Соғыстан кейінгі жылдардағы қарапайым еңбекші халықтың күйін Едіге мен әйелі Үкібаланың, Қазанғап пен Бекей, Әбутәліп пен Зәрипаның тұрмыс-тіршіліген, бастан өткергенінен көреміз.

«Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйіткіп жатады...». Жазушы осы бір сөйлемге барлық оқиға желісін сыйғызғандай әсер қалдырған. Роман ішінде бір оқиға мен екінші оқиға арасы осы тірек мәтінмен жалғасып кетеді. Бастанқыда «жүйіткіп жатады» деп берілсе, оқиға барысы шиеленіскең сайын «заулап жатады», «жөңкіліп жатады» тіркестерімен алmasып отырады. Бірақ сөйлемнің негізі мазмұны сақталған. Тағы бір тірек ұғым ретінде Сарыөзек сақарасы алынып, ол да аталған сөйлемдерден кейін келіп, оқиғаның әсеріне қарай біресе көсліп жатады, біресе құлазып жатады. Осы ұғымдардың өзінде үстеме мағына бар. Бұл да жазушының болар істен хабар беріп, болған істің нұктесін қою үшін қолданған тәсілі десек болады.

Уақыт туралы көзқарастардың дамуы – дамушы жаңа әдебиеттің жеткен жетістіктерінің бірі. Ақырындал айнала қоршаған ортадағының бәрі өзгермелі болып шықты: адамзат әлемі, жануарлар әлемі, өсімдіктер әлемі, «өлі табиғат» әлемі, аспан әлемі. Әдеби шығармаға дүниедегі қозғалыстың сан алуан формасымен қатар ондай форманың әлемде жалқы екенін түсіну қатты әсер етеді. Көркем шығармада уақыт және кеңістік өзара тығыз байланысты болғанымен, оларды жеке-жеке қарастырамыз. Көркем уақыт – әдеби шығармадағы грамматикалық

уақытты да, жазушы ойындағы философиялық түсінікті де көркемдік талабымен өзіне бағындыратын көркемдік иірімдер[8]. Автор уақытты қысқарта не ұзаққа соза алады, баяу не тез өтуге мәжбүрлайді, тоқтаусыз ағып жатқан күйге түсіреді, кейде үзік-үзік етеді, кейде белгілі бір ретке сала немесе ретсіз қыла алады (өткенге оралу, болашаққа көз жүгірту, қиялдау т.б.). Ал кеңістік – шындық болмыстың нақты көрінер тұсы, мұнда адам өзін-өзі және айналадағы қоршаған органды тани бастайды.

ХХ ғасырдың сонында жазылған қазақ прозасында хронотоптың бірнеше түрі көрініс тапқан. Бұл жазушының дүниетанымындағы, уақыт тенденциясының, шығармашылығы кемелдене түскен кезеңнің ерекшелігіне байланысты еkenі анық. Көркем шығармада кездесетін әлеуметтік, психологиялық, мәдени-тарихи, биологиялық, физикалық хронотоп түрлері кейіпкер болмысын толық ашуға ықпал етеді. Романда да хронотоптың бірнеше түрі кездесіп отырады, тіпті құрылымын бір бүтін қылыш біріктіріп, жүйелеп тұр десек қателеспейміз.

Әлеуметтік хронотоп автор берген тұлғалардың ұстанымдарын көрсетуде, олардың романның негізгі оқигасына деген қатынасын беруде қолданылады. Мысалы бір дәуірдің жұмысшылар, ғылыми қызыметкерлер, билік өкілдерін, басшыларының болмысын автор қоғамда түрлі бедел мен рөлге ие адамдар болмысы арқылы ашып отырады. Оның құрылымы сыртқы және ішкі деңгейде бақыланады[3]. Сыртқы деңгейде автор суреттеп отырған қоғамның болмысы мен сол қоғамда өмір сүретін сананың сипатына назар аударады. Онда мінсіздік пен адами қасиеттерге бет бұрған жандар негізі нысан ретінде алынған. Романда кейіпкер мінсіздікке ұмтылмайды, автор шешімі бойынша оқырман өз таным кеңістігінде кейіпкерді адамгершілік таразысына салып, бағамдайды. Соған сай романда негізі екі түрлі рухани бөлініс бірнеше кейіпкер арқылы бой көрсетеді. Бірі Боранды Едіге болса, екінші тарапта Қазанғаптың ұлы Сәбитжан. Бірі ата-салттан аттамай жан жолдасының соңғы тілегін орында маққа ұмтылса, екіншісі – ата-ана алдындағы парызын шенді өмірдің арбауына түсіп, қалауына айырбастаған перзент. Сәбитжанның халқының ұлы емес, қара басының қамын ойлаған безбүйрек болып шыққаны Боранды Едігенің жан қиналысына әкеледі. Осы арқылы оның өзі білетін қоғамдағы берік қағида мен ұстанымдардың сол ортадан шыққан жеке адам санасында қалай сыйып, жаншылатыны мәлім болады. Романда ел ішінде орын алған жағдайды Қазанғаптың өлімі десек, ондағы әлеуметтік хронотоп белгілері сол жағдайға басқалардың қарым-қатынасы бойынша өлшенеді. Өлікті арулау, жерлеу, Ана-Бейіт, оны таптап, ғарыш айлағынсалу секілді

оқиғаларға адамдардың ойы, көзқарасы қандай болғанына мән беру маңызды. Мысалы: Сәбитжанның әкесін апыл-ғұптыл көме салуы, жүзін жасыра салып, ізінше қайтып кетпекші болғаны, тіпті табалдырықты аттап шықсан дүниенің қырының дейіп көсіліп жатқан жерjetпей, Ана-Бейітке жетуді аңсаған адамдардың мақсатын түсінбей сандалуы бір адамның бейнесі емес, тарихынан безініп, ескіліктен жерініп, мансап қуатын, енді тамыр жая бастаған әлеуметтік бір топтың бейнесі. Сонымен қатар Едігенің өткенді еске алып тұрып, алдындаған зіңгіттей жігіттің сырт-сипатынан бастап оның ішкі қалауына ойыса келіп замана қалпын аңғартады. Мысалы, «.. Жәпірейтіп қалпақ киіп, мыж-мыж галстук тағып алыпты. Бұл күнде қызмет облыс орталығында, содан да ірі, лауазымды болып көрінгісі келеді. Бірақ өмірдеген мұттайым, лауазымды бастық болу онай емес. Өзі талай шағынып айтқандай, арқа тұтар қолдаушын, тамыр-таныс, туысқаның болмаса – бәрі бекер. Боранды дейтін разъездегі әлдебір Қазанғап дегеннің баласы кімнің шікәрасы»[1]. Бұл толғаныс, Үкібаланың аяушылығы, Сәбитжан мен қарындасты Айзада, Едігенің адамды басқаратын радиога сенбеуі, ауыл әйелдерінің әңгімесі барлығы бірге келе сол заманың талабын, заңын айқындал беретін бір әлеуметтік кеңістік картинасын құраған.

Романда халық арасында таралған азыз-әңгіме Едігенің ескінің әңгімесін еске түсіруімен баян етіледі. Соның бірі Найман-Ана туралы азыз. Бұл азызда тікелей мағынасындағы мәңгүрт ұғымы қолданылса, автор осы арқылы Сәбитжан секілді мәңгүрттікке шалдыққан адамдар хақында оқырманға астарлы ой салады. Ол туралы жазушы: «Гасырда да ұзақ күн» романын жазарда мәңгүрт тақырыбын үңіле зерттедім. Бала күнімізде жөн-жосықты білмейтін біреулерге: «Ей, мәңгүртсің бе өзің?» деп жатқанды құлағымызben талай естідік. Адамның мәңгүрттікке қалай айналатынын білмесек те, сүйегінен өтер ауыр сөз екенін сезуші едік» дейді[2]. Шыңғыс Айтматов «мәңгүрт» ұғымын астарлай отырып, адамзаттың ұрпағы бет алған трагедияны ел арасында сақталған азыз-әңгіме арқылы шебер көрсете білген. Уақыт пен кеңістікті ішкі деңгейде қарыстырғанда таным-теориялық, әлеуметтік-психологиялық жоспарлар анық көріне бастайды. Хронотоптың бұл түрі романда жүйелі мінезге(системный характер) ие[3]. Автор оның өзгерісін нақты бір кейіпкердің әрекетімен, әрекетке итермелейтін ойымен, олардың осы шақ пен, тарихи дәүірге қатынасынабайланыста қарастырады.

Прозалық шығармалардың негізгі компоненттерінің бірі – ән. Романда қазақтың халық әндері, өлең шумақтары жиі кезедеседі. Музыка тарихтан сыр шертеді. Кейіпкерлерге өз(индивидуалды) уақыт пен

кеңістігінен алыстап, сонау ғасырларға кері шегініп, сол дәуірдің жайын сезінуге әсер ететін, мәңгілік уақытпен кеңістікке жетелейтін құралдың бірі. Әсіресе Раймалы ақынның өзі өлсе де, заман-заманды артқа қалдырыған, сөнбейтін өлеңі ауық-ауық кірігіп, сол әсерде оқиға өрбіп жатады. Едігенің басталмай жатып аяқталған сезімі мен қимастырымына өлең жолдарымен бірге ашылады:

..Қаратаяудан көш қайтқанда,  
Көкшетаудан көш қайтқанда,  
Жәрменкеде күтпе мені Begim-ай..

Шығармаларда мәдени-тарихи кеңістікті құрудағы негізі компоненттердің бірі халық әндері. Олар мәдениеттің бір бөлшегі болуымен қатар, шығуы, таралуы белігі бір тарихи оқиғаны меңзеп отырады.

Мәдени-тарихи уақыт пен кеңістік кейіпкерлердің қандай да бір тіршілігіне етene сіңіп кеткен салт-санадан, мінезі мен сөйленісінен, дүниеге деген көзқарасынан құралады. Кейіпкерлердің тілдік қолданысында кездесетін сол дәуірдің жаңа сөздері: космонавт, транзистор, космодром, радио, ракета және т.б. Баяндау барысында автор кейіпкерлердің өз ойын қазақ және орыс тілінде де айтқандарын көрсетеді. Сөйленісте орысша сөздер бар. Бұлар да романда берілген заманың ерекшелігінен, ұлттық міnez бен кейіпкердің ділінен хабар береді. Адамзаттың ғарышқа ұшуы, техниканың дамуы секілді тарихи оқиғалардың жанында отырып, алыстан көуегер болған қазақтың тосын жаңалыққа тосырқай қарайтын мінезі мен үрейі бақыланады.

Биологиялық уақыт пен кеңістік кейіпкердің өміріндегі құнтізбелік және тәуліктік ырганынан(ритм), оның қоршаған адамдар мен табиғаттан хабардар етеді. Романың алғашқы беттерінде биологиялық хронотоп аш түлкінің темір жолды бағып, қорек іздегенінен бастап, роман бойы жалғасып отырады. Күн мен тұн ауысуы, пойыздардың батыстан шығысқа, шығыстан батысқа зулап жатуы, тоқтауы секілді уақыттың өзгерісі биологиялық хронотоп шенберінде қамтылады. Шарасыз аңың тіршілігі роман бойы суреттелетін адамдар тіршілігіне кіріспе ретінде берілгендей. Ондағы биологиялық уақыт пен кеңістік белгілерін нақты сөздер мен сөз тіркестерінен аңғарамыз: «кешкүрим», «тұн жамырап сэт», «пойыз өтіп кетіп, келесі пойыз келгенше..», «күз де таяп келеді», «Сарыөзектің күзі жақындал қалып еді», «кешкі алажеуім», «таң атып келеді», «таң азанмен», «қыс келіп қалды», «күн көтеріле бергенде» т.б.. Хронотоптың бұл түрі романың негізгі арқауы.

Романда табиғатта болып жатқан құбылыстар мен адамдар

әлеміндегі толқыныс, тыныштық күйін қатар беру де жиі қолданылған. Осы арқылы автор әр алуан уақыт кезеңіндегі адам болмысындағы заңдылықтарды, қоғам өмірінің шарттарын күнтізбелік және циркадтық ырғаққа тәуелділігін көрсетеді[3]. Ол әртүрлі жыл мезгілі мен тәуліктегі кейіпкерлердің өмір салтында болып жатқан үрдістер мен құбылыстарды толық сипаттайтын және мезгілден хабар беріп, өмірмен байланыста қарауға мүмкіндік туғызады. Ал Боранды Едіге Қазанғапты соңғы сапарға алып шыққан бір күн – мәңгілік мұраттың ғасырлық шері мен шеменін сарапқа салған уақыт. Не өзгерген? Түк те. Қасірет қоғамдық жүйенің адамдар мінез құлқына дарытқан түрлі белгісімен алдыңнан шығады. Боранды Едігенің бір күнде ойлап-ойлап жауабын таптаған ғасырлық сұрақтары – түптеп келгенде, шешуі жоқ адами қасіреттердің басы да, аяғы да емес, жалғасы екенін көрсетеді[4].

«Ана-Бейітке екі сағаттай жол қалған. Қаралы керуен Сарыөзекпен сол бұрынғы сарында келе жатқан» деп басталатын сейлемде биологиялық хронотоп пен физикалық хронотоп элементтері бар. Қаралы жүрттың аяқ алысы бір қалыпты ырғақпен қозғалып келе жатырганын «бұрынғы сарында», «сау желген қалпынан әлі танбаған..» деген тіркестер аңғартады. Ал романдағы әрекет атаулы физикалық хронотоп аясында өрбиді. Автор оның өзгерісін уақыт ағысын көрсету мен кейіпкерді қоршап түрған кеңістікті сипаттау арқылы береді.

Психологиялық хронотоптың негізін эмоциялар құрайды: аландау, күйіну, қуану, бейжай қарау т.б. Аталған категория түрі мінез ерекшелігі мен кейіпкердің көңіл-күйінің өзгеру себебін бақылауға мүмкіндік береді. Романдағы Едігенің психологиялық жай-күйі негізі эмоционалды жүкті арқалаған. Психологиялық хронотоп романың психологиялық шығарма екенін айқындаі түсін. Бірнеше тағдырдың талқыға түсіп, тарам-тарам болған өмір жолына деген күйініші мен сүйінішін, шынайы ықыласын білдіріп отырады. Психологиялық уақыт пен кеңістік дегендеге көз алдымызға Боранды Едіге мен Боранды Қаранардың арпалысы, сезім толқынысы келеді. Автор Едігенің жасырын сезімі, ішкі күйзелісінің пайда болуы мен Қаранардың күшіне мініп табиғи еркіндікті аңсауын қатар сипаттауда психологиялық параллелизмді қолданған. Яғни екі жанның ұқсастығы мен ерекшелігі, басым түсетін және әлсіз тұстары салыстыру барсында анықталады. Екі алай-дулей күш иелерінің терең толқынысы мен психологиялық жай-күйі шебер суреттелген. Бірі ақыл иесі, бірі жануар. Екуінің де есімдеріне Боранды сөзі тіркесіп, иесінің мінез-құлқынан, жануардың түрпатынан хабар береді. Романдағы Едігенің эмоционалды күйінің өзгерісі:

*Зәріпа кеткен соң, Едігенің ашуға бұлығын, түтігүі;*  
*Балаларын шошытып алмайын деп, тістеніп, ашунына тосқауыл қоя*  
*білуі;*  
*Бар ашуын Қара Нардан алуы;*  
*Уақыт өте сабасына тусуі;*  
*Ал Қаранардың арпалысы:*  
*Қара күшіне мініп, қорға сыймауы;*  
*Еркіндік аңсан, басқа елдің малына тиісуі;*  
*Қанагатсыздық пен тойымсыздық күшіне берілуі;*  
*Песінің қарғысына ұшырауы;*  
*Уақыт өте сабасына түсіп, қайта оралуы;*  
Сонымен қатар мәдени-тарихи хронотопты құрайтын ел аузында қалған аңызға бергісіз әңгіме «Раймалы-ағаның Әbdілханға айтқанының» романға кіргіуі осы психологиялық уақыт пен кеңістікпен кезектесе келеді. «Қазанғап Едігенің басында не дауылдар көшіп жатқанын түсінді ме, әйтеуір демеу болсын деп, әдейі жөткірініп алышп, Едіге басын көтерген кезде, былай деді: – Ау сені көндіріп, содан бір пайда табатын адамдай мен несіне сені үгіттей беремін. Менсіз де өз ақылың өзіне жетеді. Алда-жалда, сен Раймалы-аға емессің де, мен де Әbdілхан емеспін ғой. Мен Әbdілхан болған күнде де, бұл ку далада атпен шауып іздесең де сені таңып, байлап тастайтын бір түп тал табылмайды. Сен азат адамсың, не істесең – қалауын біледі. Тек құйысқаның көтерілер алдында мықтап ойлан»[1]. Осылайша Қазанғап Боранды Едігеге азаттық берем деп, тосқауыл қоя білді. Ел аузында қалған осынау аңыз Едігенің өз жолынан таймай, еркіндігін жүгендегеүіне себеп болған.

Айтматов – адам еңбегі мен олардың кісілік қасиетін, кие мен дәстүрдің аңыздарын, махабат пен сұлулықты дәріптеуде гуманист жазушы. Ал тілі мен образдар жүйесінде суреткерлік мол. Және дүниетаным кеңістігіндегі эпикалық мәнерде манасшылдық бар. Оның шығармашылығында уақыт пен кеңістік категориясы көркемдікке қызмет ететін шартты ұғым[4]. Жазушының кейіпкерлері ерекше, тақырыбы ауқымы кең әрі терең. Қуанышта да қыын-қыстау заманда да көрінетін қазақы мінезге тән дархан көніл кейіпкерлер арасын жалғап жатыр. Романда түрлі күй мен тағдырды бастан кешкен бас кейіпкердің жай-күйі, жан-жағындағы ниеті таза жандардың өмірі мен өкініші кімді де болсын толғандырмай қоймайды. Сонымен қатар романда жер үстінде болып жатқан оқиғалар легімен аспан әлемі қатар баяндалған. Бұл тәсілді автор бір оқиғадан екінші бір оқиғаға өтуді бейнелі түрде елестете алуға, адам сансында сюжеттің жалғасын қисынды келтіру үшін қолданған

болса керек.

Жоғарыда айтып өткеніміздей роман құрылымын жүйелеп тұрған категориялар шығарма көркемдігінің негізі. Бір мәтін бөлігін, бір сөзді немесе сөз тіркесін хронотоптың нақты бір түріне байлан қоя алмаймыз. Өйткені бір сөйлемде бірнеше уақыт пен кеңістіктің элементтері кездесуі мүмкін. Негізгі оқиғаның өту уақыты осы күн болса, өту кеңістігі адамның көңіл көкжиегі, сана шенбері. Жадыда сақталған естеліктер легі бүгін болып жатқандай шынайы уақытқа тәуелсіз. Бір күн бір ғасырға созылғандай немесе бір ғасырдың бір күнде өте шыққандай әсер қалдыруы соның дәлелі. Бұл автордың шығарма сюжетін шашыратпай байлаған негізі арқауы дей аламыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Айтматов, Ш. Ғасырдан да ұзақ күн. – Алматы: Атамұра, 2005. – 312 б.
- 2 Айтматов Ш. Найман-Ана Тынық мұхитты көктең өтіп, манхет сахнасына жетті // Жас Алаш(14604) 2003. – №32. – 3б.
- 3 3.Бахтин, М. Формы времени и хронотопа в романе. Очерки по исторической поэтике.
- 4 Темирболат А. Категории хронотопа и темпоральношо ритма в литературе. Монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. – 504 с
- 5 Қаныкейұлы, Е. Айтматов шығармалары мәңгілік мұңымен ерекше // Қазақ әдебиеті (3677) 2019. – №42. – 36.
- 6 Қаныкейұлы Е. М.О.Әуезов прозасындағы көркемдік уақыт пен кеңістік. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы, 2010
- 7 Қабдолов З.К. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б
- 8 Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. – М.: Наука, 1979. – 655 с.
- 9 Майтанов Б.К. Психологизм в художественной литературе. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 235 с

### **References**

1. Aitmatov, Š. Ғасырдан да ұзақ күн. – Almaty: Atamūra, 2005. – 312 b.
2. Aitmatov Š. Naiman-Ana Tynyq mūhitty köktei ötip, manhet sahnasyна jetti // Jas Alaş(14604) 2003. – №32. – 3b. 3
3. Bahtin, M. Formy vremeni i hronotopa v romane. Ocherki po

istoricheskoi poetike.

4. Temirbolat A. Kategorii hronotopa i temporälnošo ritma v literature. Monografija. – Almaty: Sennye bumagi, 2009. – 504 s
5. Qanykeiūly, E. Aitmatov şygarmalary mäñgılık mūñymen erekşe // Qazaq ädebieti (3677) 2019. – №42. – 3b.
6. Qanykeiūly E. M.O.Äuezov prozasyndaǵy körkemdik uaqt pen keňistik. M.O.Äuezov atyndaǵy Ädebiet jäne öner instituty. – Almaty, 2010 Qabdolov Z.Q. Söz önerı. – Almaty: Sanat, 2002. – 360b
7. Lihachev D.S. Poetika drevnerusskoi literatury. – M.: Nauka, 1979. – 655 s.
8. Maitanov B.K. Psihologizm v hudojestvennoi literature. – Almaty: Qazaq universiteti, 2004. – 235 s

*Izbai Ingkar Omirbekkyzy<sup>1</sup>, Biakhmetov Bauyrzhan<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

<sup>2</sup> Universityof Glasgow, Scotland

\*e-mail: [211301018@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301018@stu.sdu.edu.kz)

## **THE DAY LASTS MORE THAN A CENTURY" BY CHINGIZ AITMATOV.**

**Abstract.** The article analyzes one of the first works of the Kyrgyz writer Chinghiz Aitmatov «The Day Lasts Than a Hundred Years» and considers the chronotype problem. Psychologism in the problem of artistic time and space in Kazakh prose, the world of characters, the influence of emotional phenomena on the dynamics of the plot, and the author's narrative are considered. Analyzed by Chinghiz Aitmatov «The Day Lasts Than a HundredYears» with a complex connection between artistic space and time. In a literary work of art, the main elements of space and time that give it characterare divided into several types and form the structure of the work. The article examines the relationship and discrepancy between them, the reflection of theirmerger, and separation in the author's use. An important role in the plot structure of the work of Chinghiz Aitmatov «Borandy Beket» was played by the types of categories of time and space and were reasoned by excerpts from the novel.

**Keywords:** chronotype, author, society, psychology, cultural and historical chronotype, character, time, space.

*Избай Инкар Омирбеккызы<sup>1</sup>, Биахметов Бауыржан<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Каскелен., Казахстан

<sup>2</sup> Университет Глазго, Шотландия

\*e-mail: [211301018@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301018@stu.sdu.edu.kz)

## **КАТЕГОРИЯ ВРЕМЕНИ И ПРОСТРАНСТВА В РОМАНЕ Чингиса Айтматова «И ДОЛЬШЕ ВЕКА ДЛИТСЯ ДЕНЬ»**

**Аннотация.** В статье анализируется одно из первых произведений киргизского писателя Чингиса Айтматова «И дольше века длится день» и рассматривается проблема хронотопа. Рассмотрены психологизм в проблеме художественного времени и пространства в казахской прозе, мир персонажей, влияние эмоциональных явлений на динамику сюжета и авторское повествование. Проанализирован Чингиса Айтматова «И дольше века длится день» со сложной связью художественного пространства и времени. В литературном художественном произведении основные элементы пространства и времени, придающие ему характер, делятся на несколько видов и образуют структуру произведения. В статье рассмотрены взаимосвязь и расхождение между ними, отражение их слияния и разделения в авторском использовании. Важную роль в сюжетной структуре произведения Чингиса Айтматова «Боранды Бекет» сыграли типы категорий времени и пространства и были аргументированы отрывками из романа.

**Ключевые слова:** хронотоп, автор, социум, психология, культурно-исторический хронотоп, персонаж, время, пространство.

*Келіп түсті 27 Ақпан 2023*

*Динара Базарбекова<sup>1</sup>\**

<sup>1</sup>SDU University, Қаскелең қ., Қазақстан

\*e-mail: [dbazarbekova22@gmail.com](mailto:dbazarbekova22@gmail.com)

## **ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАГДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУДІҢ 8-СЫНЫП ГЕОМЕТРИЯСЫН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аннатація.** Осы тақырыпта цифрландыру аясында ортанғы сыныптарда геометрия пәніне талдау жүргізіп, дайарлаудың керекті әдістерін пайдалану керектілігі теориялық түрғыда көрсетілген. Цифрландырудың қызын тұстары білім беру саласында болуы мүмкін. Математика сабактарында скаляр шамаларды тиімді шешу жолдары қарастырылған. Ақпараттық технологияларда геометриялық жүйенің тиімділігі көрсетілген. Қандайда бір есептерді түрлі формуулармен шешу жолдары нақтыланған. Ғылыми калькулятормен қалай дұрыс жұмыс жасау керек екендігі баяндалған. Кез келген тақырыпты оқытқанда басқа геометриялық фигуralарды және оларға сәйкес скалярларды пайдаланып есептер құрастыруға және шешуге болады. Сонымен қатар, әртүрлі математикалық модельдерді қолдана отырып, мәселені әртүрлі тәсілдермен шешу мүмкіндігін атап, өту маңыздығын арттыру бағыты нақты баяндалған. Пайдаланылған әдебиеттер де дәлме дәл көрсетілген.

**Түйін сөздер:** Ақпараттық технология, геометрия, цифрландыру жағдайы, жаратылыштану математика, орта білім беру, формула мен әдістер.

Цифрландыру - өнеркәсіп, бизнес, экономика, білім мен мәдениет секілді барлық салаларға енгізу және цифрлы технологиямен басқаруды көздейді. Ал оның негізгі міндеті – адамдарға қажетті қызметтердің процестерін автоматтандыру. Мысалы, өмір сүруді жеңілдету, физикалық және интеллектуалды жұмыс барысында нәтежиені көтеру болып табылады. Қандайда бір ғылым мен өркениеттің жемісі секілді, цифрландырудың да өзіндік ұтымды және ұрымтал тұстары бар. Ол есті адамға бірден көрініп тұрады. Айтар болсақ: кәсіптегі жоғары қызметті

жоғарылату, пайдалы және бағасы тиімді заттарды көбейту, көптеген керекті ақпараттарды тиянақтау жобасына бағытталған шешімдер дайындау арқылы кәсіpte және жаппай экономиканы жүргізудің пайдасын жоғарылату – адам баласының ойлаған ойларының жүзеге асатыны сөзсіз. Былайша жаңаша іскерлікке жылдам үрлену мүмкіншілігі, стереотиптерді бұзу, адамға қойылатын талапты уақытша өзгерту, жұмыссыздық, цифрандыруды белгілеп енгізу дұрыс емес болып табылады.

Цифрандыруда көбіндегі қызын жағдайлар, шәкіртке білім беру жүйесі болып табылады. Себебі, кей кезде, тапсырма беру бірегей формалды міндет (ұстаздар мазмұнды оқытуды жылдар салып тәжірбие арқылы нақтылайды), тағы бір жағынан, білімге деген жүйелер көбіндеге консервативті болады, өйткені реті келген өзгерістерді нақтыламас бұрын қызын сынақтан асуы және бұрынғы құрал/әдістер/технологиялармен салыстыра отыруы керек екендігі дәлелденеді. Дегенмен өзгерістерді енгізу үшін көптеген жылдар бойы еңбектенуқажет. Қазіргі ғалам күн санап өзгеруде. ал білім деңгейі ілесіп өзгере алмай жатыр.

Қарапайым тұрғыдан алсақ технологиялы цифrlаубілім негізінде «еселенген» саймандар ретінде пайдаланылған. Өмірімізде қолданатын нәрселер іске келгенде білім сапасы әлде жанамалап әсері жок. Онлайн күнделіктегі, журналдар, презентациялары мен интерактивті дайарлау жабдығы, цифрлы оқытуға пайдасы зор, себебі олар оқытушы шаруасын жеңіл қылады, көркемшілігін жоғарылатады және білім түрін жалпылайды, ата-анасына хабарлама жіберіп отырады.[1]

Сіздерге белгілі, нақтыланған ғылымдар жоғары сапаға ие. Мәселен, матемде олардың химиялық, технология, физика тағы басқа ғылыми пайдаланулары, Maple, MathemaTica, MathCAD, Reduce яки ж.б. ғаламторлық ғылым бағыты ауқымды, ол қызын есептік тәсілдерді керек қылатын шешімдерді табу процесін жүйесін ауқымды жоғарылатуға болады. есептер, бағдарламаны елестету және құрастыру.

Есептеуді дайарлауға, пайдалануға нақтыланған тақырыптық жобаларға қарасақ, оның жетілу теориясы, көбіндегі, біршама артқа шегеріледі. Оқытулық дайарлау жабдықтаудың көшілігі барлығы алғашқыда ойлаулардың кіші жобамен дайарланған одан соң есептеу сабағының дара бағдарламаларын болмаса бөліктегін пайдалануға арналған. 20-21 ғасыр ширегі соңында. Оқыту жемістерінің жанында тербеліс геометриялық жүйеде ДСЖ деп аталық берілгендер шыға

бастады, барлығының арасында Кабри (Франциялық), The Geometr's sketchpad (АҚШтық), GeoNext (Германиялық), GeoGebra (Австриялық) және Mathematical Constructor (Ресейлік) системасын көрсетіп көреміз. Қазіргі таңда ғаламда дәл сондай көптеген жүйелік ақпараттар баршылық.[2]

Динамикағы геометриялық жүйелерді (ДГЖ) есептеуді даярлаудың әдемі және талдаулық компоненттерін нығайтуға барынша жоспарланған. Соған сәйкес түрлері мен топтарын пайдаланып, сіздер тексерілген есептің компютерлік сыйбасын, дәлелдемесін, болмаса барлық құрылымын немесе есептік баяндамасын талылауды жеңіл құруға болады, одан соң дәлме дәл қасиеттерін талқылау үшін ойластырылған цифрлы аналогтарды пайдалануға болады. Осы, өзімнің ойымша, дұжның ең басты маңыздылығын арттыратын дидидикалық қойылымы артықшылықтары болып табылады. Осы программалық жерлердің өзіндік тарихында көрініс тапқан келесі біріншай дидидикалық артықшылығы, өзгелермен сәйкес, ғалам торлық анимация әсерімен пайдаға асатын қозғалыс болып келеді.[3] ДГЖ өзара тек сап саптап бөлектенеді, дегенмен олардың көбінде динамикалық суреттерді жасаудың қуаттанған және табиғатты есептелінуі бар болады. Дұрыс белгіленген және жеңіл өндөледі. Айналамызды қоршаған ортандың өздігінен үйрету болмайды және «ЖЕКЕЛЕЙ» түктө жасай алмайды ол жердегі жаппай сыйбаларды қолданушы жасайды, дегенмен бағдарламалар тек қана керекті материалдарды, және де сыйбаларды содан кейін оларды зерделеуді арттыру мүміндігін көрсетеді. Орынды жасалған сыйбалар объектінің бағынышты иерархиясын қорғайды; бағынбайтын объектілерді орнын өзгертіп бағыныштылардың орнын ауыстыруға әкеліп соғады.[4]

Құрылымдық техникалардың ғылым көрсету жүйесінде жалпы көрсетілгеніне 1 ғасырдың жартыдан көптеген уақыт динамикалық геометриялық жүйелерде нағыз алдынғы орында болғанын тағы дәлелдеді. ДГК білім алушыларға мектептік есептеу сабағының көп топтарын игеруде таза пайдалы жұмыс жүзінде жалғыз керекті құрал екені анық. Бұл теңдеуді әлемдік проектілер (InnoMathEd, Fibonacci, DinaMAT, MITE) шешімдері, сонымен қатар монографиялық зерттеу-әдістердің мақалалары көрсетілген талдаулар арқылы бағасын беруге болады. Жиындар мен зерттеу-әдістеме коференциялардағы біршама оқылымдар матемдік шешімдерді шығаруда осы оқылымдарды қолдану жөнінде ұстаздар және сыныпта білім алушылардың ойлары ДГЖ

қолдануы жақсы үйренуге арналды. Сондай-ақ, басында айтылған шешімдерге қарамай, ұстахдардың төмен аз проенті есептеу сабағында дәлосы әдісті қолданады. ДГЖ білім алу жұмысын тапсыруға тосқауыл болатын нагізгі маселелерді тұжырымдымыз;

- сыныптарда көптеген себептерге қарай білім алушылардың геометриялық дәлдігі өте нашарлады. Дегенмен, ерекшелігімен, мектеп білім алушыларына, ЖОО және оқытушылар ДГЖ қолдану жүйесінде жекелей еркін түсінуге шама бермейді;
- сыныптарда есепші ұстаздарды сабак барысында динамикалық гиометриялық жүиelerді пайдалануға қауқарсыз. Бұлар педагогикалық жоғары оқу орындарында керекті пәндердің жоқтығы сыныптағы есептік білім беру ДГЖ іске асыру жағынан оқулық әдістемелік қаралдардың жақтығымен, сонында, сол мәселе бойынша ұстаздардың білімін арттыру мен қосымша жұмыстардың жетіспеушілігі түсіндіріледі;
- мектептің көшілігінде математика кабинеттері қажеті компьютерлік жабдықтармен және де лицензиясы бар жүйелерге тапсырыс беруге қаржылары жеткіліксіз.[5]

Математика сабактарында скаляр шамалары керекті зерттеулер жүргізу қазіргі заманға сай цифрлық жаңартуларды оңай қолданысын нақтылаймыз. Оқыту пайымдауы мен іс тәжірибесін бірінғай кірістіруге жағдай жасайтын бірқатар интерактивті жобаларды ойластырыңыз. STAR-CCM тек қана газ гидравликалық жүйелер емес. Ол жаппай топтық инженерлік талқылау жобалардың физикалық түрлерінің ен жаппай топтауына тән өзінің санатындағы ең топ цифрлық моделдеу әдісі.[6]

MatLab – MATrix LaBoratory (мотрицалық зерттеуші). Осы топтауда барлық садық есептеулер және технологиялық тағыда физиологиялық топтаулар моделдеуді іске жасауға, сонымен бірге деректор масивтерімен қызмет жасау уақытында ғылми одан соң инженерлік талдауларға байланыс жасалған.

MathCAD – есептік содан соң инженерлік талдауларға көзделген интеграциялыған цифрландыру жүiesi. Tinkercad- ол дегеніміз ойнайтын заттар болмаса дикор ,дикорациялар және Mineycraft сайттүрлері бол, көптеген уақыт аралығында 3L моделдерін дайындауға көмек беретін ескібев- бағытталған 3D жоба сосын 3D жасап шығаруға арналған құрал сонымен 3D жобаны игере алған жастар да, бұрыннан білетін дер де қолдана алады.

GeoGebra –геометрия, алгебра, нұсқаулар, графтер, статистика және арефметиканы қатар қарасақ, сабак алудың толық деңгейіне

қатысты ақсыз крос-платформалық динамиталық матиматика жобасы. Онымен бірге, жоба кірстірілген сөздің нұсқаулықтары арқасында (түбірлерді есептеу, (графиктерді салу, экстремапарды, интегралдар сосын т.б.) көптеген функционалдылықа тән.


Kig - интерактивті гиометрия жобасы. Сол тәлімгерлерге компьютер көмегімен гиометриялық түсінікті игеруге көмегі бар. Kig циркуль мен сывғышпен көрсетілгенге келетін анимациялық суретті қолдануға көмегін көрсетеді, онымен бірге есептік шараларды дайарлау аспабы ретінде пайдаланады.[7]

Дәл солай, геометрия пәнінде де, класстан бөлек тапсырмаларда дапайдалануға келетін барлық цифирлық технологиялар бар. Скалярлық сандарды көруді қадағалайтын қарастырсақ: бір адам жақсы үйге келді, ол адам комнатасының полын жондеу қажет. Олар полды паркеттегісі келді. Олардың ескі үйлерінен 100 штуктан 15 паркет бар болатын. Бір полдың размері  $30 \text{ см} \times 5 \text{ см}$  Адам  $5,5 \text{ м} \times 6$  көлемді тікебұрышты комнатада еденде бітіруге қанша көлемді паркет тақтайшасын тауып бағасына алады? Полдар толығымен жасалғаннан кейін егелері комнаталарына жабдық қоюды ойлайды ( $1,5 \text{ м} \times 1 \text{ м}$  кітап шкафы;  $3,5 \text{ м} \times 1,5 \text{ м}$  диван;  $1,5 \text{ м} \times 1,2 \text{ м}$  отырғыш) содан кейін токпен ыстықтатуды; тенгені аз құрту үшін жиһаздар астына жылу құбыры керек емес. Сол жердің токпен полын жылытатын жерінің және бөліктерінің жалпы ауданын табу керек.

Осы теңдеуді алуан түрлі жолдармен табуғаболарын ойланызыз. Өзініз обьектілердің аудандарын (комнатады пол, отырғыш бастылары, гардирап, орындықтан) көрсететін ұқсас топтарға істерге ойлап талдаулармен токталуға тұра келеді болмаса тік тортбұрыш та жалпы обьектілерді өзгертетін жаппай элементтер (отырғыш, киім ілгіш, орындықтар) бұлар үшін жекеленген жерді байқау қажет. Алғашқы нәрседе тенденктің жауабы скалиар топтар (ұзындығы, жалпылай) орнымен шараларға тураланады. Одан басқажерде гиометриялық үйқаспен жұмыс істейміз. Тендеуді скаляр сандармен шешіп көрейік.


- . Бөлемнің жалпы ауданын табайық :  $S = 5,5 \times 6 = 33 \text{ м}^2$ .
- . Барлық обьектінің аудандарын табайық:  $S_{\text{шкаф}} = 1,5 \times 1 = 1,5 \text{ м}^2$ ;  $S_{\text{отырғыш}} = 3,5 \times 1,5 = 5,3 \text{ м}^2$ ;  $S_{\text{кресло}} = 1,5 \times 1,2 = 1,8 \text{ м}^2$ .
- 3. Жалғыз паркеттің ағашының жалпы аудандарын табу керек:  $S = 30 \times 5 = 150 \text{ см}^2$ .
- 4. Еденді бітіруге керекті плиталардың жалпы қанша кететінін табу керек:  $330\ 000 : 150 = 2\ 200$  (шт).

5. Еденді бітіруге алатын плиталылардың жалпы санын табу керек:  $200 - 1500 = 700$  (шт).
6. Еленді ысытуға арнайы бөлмелердің жалпы ауданын табу керек:  $33 - (5,3 + 1,8 + 1,5) = 24,4 \text{ м}^2$ . Математикалық геометрияны мысалға алайық. Оған үшін біз алдымен GeoGebra тақырыбын пайдаланамыз, олай болса комнатағы пішіндердің орындарын нақты байқауға болады. Осы тақырыптың өзіміз дайындаған жаппай математикалық талдауларды анықтауга жеңілдік беретінін түсінеміз. Тендеуді скаляр сандармен шешіп көрейік.
- . Бөлемнің жалпы ауданын табайық:  $S = 5,5 \times 6 = 33 \text{ м}^2$ .
  - . Барлық объектінің аудандарын табайық:  $S_{\text{шкаф}} = 1,5 \times 1 = 1,5 \text{ м}^2$ ;  $S_{\text{отырғыш}} = 3,5 \times 1,5 = 5,3 \text{ м}^2$ ;  $S_{\text{кресло}} = 1,5 \times 1,2 = 1,8 \text{ м}^2$ .
3. Жалғыз паркеттің ағашының жалпы аудандарын табу керек:  $S = 30 \times 5 = 150 \text{ см}^2$ .
4. Еленді бітіруге керекті плиталардың жалпы қанша кететінін табу керек:  $330\ 000 : 150 = 2\ 200$  (шт).
5. Еленді бітіруге алатын плиталалардың жалпы санын табу керек:  $200 - 1500 = 700$  (шт).
6. Еленді ысытуға арнайы бөлмелердің жалпы ауданын табу керек:  $33 - (5,3 + 1,8 + 1,5) = 24,4 \text{ м}^2$ . Математикалық геометрияны мысалға алайық. Оған үшін біз алдымен GeoGebra тақырыбын пайдаланамыз, олай болса комнатағы пішіндердің орындарын нақты байқауға болады. Осы тақырыптың өзіміз дайындаған жаппай математикалық талдауларды анықтауга жеңілдік беретінін түсінеміз.
- 4-інші бастама-көрсетілген өлшем бірлігіндегі плиталардың қораптарының жетпейтін санын анықтау (4 сурет).
5. Тапсырманың келесі шешімін табу жолында өзіміз берілген өлшемдерді жиһазы бар комнатаның жобасын құрып алуымыз керек болады сосын керектілердің жалпы ауданын анықтауымыз (5 фото, осы жерде EFGH – осы кіталтар сөресі, MN0B1 – орындық, IJKL – отырғыш).




6. Келесі жиһаздың жалпы ауданы анықтай келе, өзіміз ғылыми калькулятор арқасында полды электр ысытуы орнатлатын жерді есептеп аламыз (6 сурет). Жалпы бөлме көлемі  $24,4 \text{ м}^2$  болады.

Сурет. 1. Ауданын қалай табукерек;



Сурет. 2. Паркет тақтайша ауданы;




Сурет. 3. «Геомерия» бөлімінен «Ғылыми калькуляторға» көшу;


A screenshot of the GeoGebra Scientific Calculator. The title bar says '≡ GeoGebra Научный калькулятор'. Below the title, there is a back arrow icon. The main area displays a sequence of calculations:

- 1)  $\frac{33}{0.015}$   
= 2200
- 2)  $15 \cdot 100$   
= 1500
- 3)  $2200 - 1500$   
= 700
- 4)  $\frac{700}{100}$   
= 7

Сурет. 4. «Ғылыми калькулятор» саласында есептеулерді;



Сурет. 5. Жиһаздармен үйдің қанқасын құру;



Сурет. 6. «Ғылыми калькулятор» ретімен ештемесіз жалпы ауданын табу;

### *Көріткінді*

Кез келген тақырыпты оқытқанда және үйреткенде басқа геометриялық фигурапарды және оларға сәйкес скалярларды қолданып есептер құрастыруға және шешуге болады. Сонымен бірге, әртүрлі математикалық модельдерді пайдалана отырып, мәселені алуан түрлі

тәсілдермен шешу мүмкіндігін атап өту өте маңызды. Математиканы оқытуда цифрлық технологияларды қолдану сабактарды жаңа мазмұнмен толықтыруға, оқушылардың оқуға деген үлкен қызығушылығын оятуға әрі арттыруға, олардың бойында ақпараттық мәдениет элементтерін қалыптастыруға және қоршаған әлемге шығармашылық көзқарастарын дамытуға мүмкіндік беретіні көміл сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Nilsson B. The State of Personalized Learning in the Real World of Education: Survey Results and Infographic. Febr. 2016 [Электронный ресурс]. URL: <https://content.extremenetworks.com/extreme-networks-blog/the-state-of-personalized-learning-in-the-real-world-of-education-survey-results-and-infographic>
2. Долинер Л.И. Информационные и телекоммуникационные технологии в обучении: психолого-педагогические и методические аспекты.— Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2003.—344 с.
3. Ларин С. В. Методика обучения математике: компьютерная анимация в среде GeoGebra: учебное пособие для вузов. — М.: Юрайт, 2018. — 233 с.
4. Майер В. Р., Алексашов А. А. Об исследовательском подходе к обучению учащихся 8 класса теме «Четырёхугольники» с использованием среды Живая математика // Материалы VII Всероссийской научно-методической конференции с международным участием «Информационные технологии в математике и математическом образовании». — Красноярск, 2018. — С. 59–65.
6. Обучение математике с использованием возможностей GeoGebra: монография / М. В. Шабанова [и др.]. — М.: Перо, 2013. — 128 с.
7. Сергеева Т. Ф., Шабанова М. В., Гроздев С. И. Основы динамической геометрии: монография. — М.: АСОУ, 2016. — 152 с.
8. Атанасян Л. С., Бутузов В. Ф., Кадомцев С. Б. и др. Геометрия. 7–9 классы: учеб. для образоват. организаций. М.: Просвещение, 2016.
9. 2. Репьев В. В. Общая методика преподавания математики.

.:Учпедгиз, 1958. 224 с.

## **References**

1. Nilsson B. The State of Personalized Learning in the Real World of Education: Survey Results and Infographic. Febr. 2016 [Elektronnyi resurs]. URL:<https://content.extremenetworks.com/extreme-networks-blog/the-state-of-personalizedlearning-in-the-real-world-of-educationsurvey-results-and-infographic>
2. Doliner L.I. İnformasionnye i telekommunikacionnye tehnologii v obuchenii: psihologo-pedagogicheskie i metodicheskie aspekty.—Ekaterinburg: İzd-vo Ros. gos. prof.-ped. un-ta, 2003.—344 s.
3. Larin S. V. Metodika obuchenia matematike: kömpüternaia animasia v srede GeoGebra: uchebnoe posobie dlä vuzov. — M.:İurait,2018 –233 s.
4. Maier V. R., Aleksaşov A. A. Ob issledovatelskom podhode k obucheniu uchaşıhsä 8 klasy teme «Chetyröhugölniki» s ispölzovaniem sredy Jivaia matematika // Materialy VII Vserossiskoi nauchno- metodicheskoi konferensii s mejdunarodnym uchastiem «İnformasionnye tehnologii v matematike i matematicheskom obrazovanii». – Krasnoiarsk, 2018. – S. 59–65.
5. Obuchenie matematike s ispölzovaniem vozmojnosti GeoGebra: monografia / M. V. Şabanova [i dr.]. – M.: Pero, 2013. – 128 s
6. Sergeeva T. F., Şabanova M. V.,Grozdev S. İ. Osnovy dinamicheskoi geometrii: monografia. – M.: ASOU, 2016. – 152 s.
7. Atanasän L. S., Butuzov V. F., Kadomsev S. B. i dr. Geometria. 7–9 klasy: ucheb. dlä obrazovat. organizasi. M.: Prosvešenie, 2016. 2. Repev V. V. Obşaia metodika prepodavania matematiki. M.: Uchpedgiz, 1958. 224 s.

*Dinara Bazarbekova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

\*e-mail: [dbazarbekova22@gmail.com](mailto:dbazarbekova22@gmail.com)

## **METHODOLOGICAL FEATURES OF USING VISUAL AIDS IN TEACHING GEOMETRY IN THE 8TH GRADE WITH DIGITAL PLANNING**

**Abstract.** In this article, in the framework of the policy of digitalization,

it is theoretically possible to analyze the subject of geometry in secondary schools and apply effective teaching methods. The difficult points of digitalization can be in the field of Education. In mathematics lessons, ways to effectively solve scalar quantities are considered. In Information Technology, the effectiveness of a geometric system is shown. Ways to solve certain problems with different formulas are clarified. It is outlined how to work correctly with a scientific calculator. When teaching any topic, you can compose and solve problems using other geometric shapes and their corresponding scalars. In addition, the direction of increasing the importance of passing is clearly outlined, noting the possibility of solving the problem in different ways using various mathematical models. The literature used is also accurately indicated

**Keywords:** Information technology, geometry, the state of digitalization, Natural Science Mathematics, Secondary Education, formula and methods.

*Динара Базарбекова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Каскелен, Казахстан

\*e-mail: [dbazarbekova22@gmail.com](mailto:dbazarbekova22@gmail.com)

## **МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ГЕОМЕТРИИ В 8 КЛАССЕ ПРИ ЦИФРОВОМ ПЛАНИРОВАНИИ**

**Аннотация.** В данной статье в рамках политики оцифровки проведен анализ геометрии в средних школах с теоретическим изложением возможностей применения эффективных методов обучения. Трудные моменты цифровизации могут быть в сфере образования. На уроках математики рассмотрены способы эффективного решения скалярных величин. В информационных технологиях показана эффективность геометрической системы. Уточнены способы решения тех или иных задач по разным формулам. Изложено, как правильно работать с научным калькулятором. При обучении любой теме можно составлять и решать задачи, используя другие геометрические фигуры и соответствующие им скаляры. Кроме того, четко излагается направление повышения важности перехода, подчеркивая возможность решения задачи различными способами с использованием различных математических моделей. Использованная литература также точно указана.

**Ключевые слова:** Информационные технологии, геометрия, состояние оцифровки, естествознание математика, среднее образование, формула и методы.

*Kelіn түсмі 14 Мамыр 2023*

*M.C.Жолшаева<sup>1</sup>\*,*

*Ж.А.Балтамуратова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Қаскелең қ.,

Қазақстан<sup>2</sup>"QAzbilim" Үлттық лицейі

\*e-mail: [211301024@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301024@stu.sdu.edu.kz)

## **ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ТІЛДІК ТҮЛГА: КАТЕГОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК**

**Андратпа.** Мақалада соңғы жылдары тіл ғылымындағы зерттеулерде қолданылып жүрген «эпистолярлық тілдік түлға» тіркесінің терминдік статусына байланысты сұрақтар көтеріледі. Ғалымдардың тілдік түлға феноменін зерттеудегі өзіндік концепциялары, соның ішінде тілдік түлға типологиясын жасауда ескеретін критерийлердің түрліше болып келуіне орай тілдік түлғаны топтастырудың көзқарастары тіл ғылымының салаларына байланысты салыстыра қарастырылды. Эпистолярлық тілдік түлғаны қарастыру барысында ескерілетін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға, эпистолярлық қарым-қатынас аясындағы автор образы және оның мәтінде тілдік көрініс табуының ерекшеліктеріне талдау жасалады. А.В.Курьяновичтің эпистолярлық тілдік түлғаға берген анықтамасына сүйене отырып, эпистолярлық тілдік түлғаның категориялық және типологиялық ерекшеліктері анықталады. Талдау материалы ретінде Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының М.Ғабдулин, М.Әуезов, М.Әбдіхалықовқа жазған хаттары негізге алынды.

**Түйін сөздер:** эпистолярлық мәтін, тілдік түлға, тілдік түлға типологиясы, эпистолярлық тілдік түлға.

Антрапоэзектік лингвистиканың дамуымен «тілдік түлға» тіркесі басты филологиялық ұғымдардың біріне айналды. Бүгінде дәстүрлі лингвистика, лингвопрагматика, лингводидактика, психолингвистика, социолингвистика секілді тіл білімі салаларындағы зерттеулерде индивидтің сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне баса назар аударылғандықтан тілдік түлға мәселесіне деген қызығушылық та арта түседі. Ю.Н.Караулов «тілдік түлға» терминіне мынадай анықтама береді: «адамның тілдік құрылымдық құрделілік деңгейімен, ақиқат өмірді суреттеудің дәлдігімен,

белгілі бір мақсатқа бағытталуымен ерекшеленетін сөйлеу шығармашылық, өнім (речевое произведение) жасау және және қабылдай алу қабілеті мен ерекшеліктерінің жиынтығы» [1, 48]. Ю.Н.Караулов тілдік тұлғаны сөйлеу әрекетін ұйымдастыратын және жүзеге асыратын көпқабатты, көпнегізді, құрылымдық жүйеленген тілдік қабілеттердің жиынтығы ретінде түсіндіреді. Тілдік тұлға қоғамның, адамзаттың, мәдениеттің өзгеруімен қоса бірге жетіліп, дамып отырады.

Ұлттық тіл білімінде Ф.Б.Қожахметова бұл терминді: «Тілдік тұлға – тілді нақты қолданушының жіктеме белгілерінің ғана жиынтығы емес, аялық білімнің де көрінісі, ғаламның тілдік көрінісі негізінде анықталатын суреткердің әлем үлгісі» – деп анықтайды [2, 16]. Тілдік тұлғаның сөйлеушінің ұлттық ерекшеліктерімен байланысын айта келе, «тілдік тұлға дегеніміз – ұлт тілі мен ұлт мәдениетінің ақпаратын сатылы деңгейде толық менгерген тілдік-мәдени құзіret иесі», – деген қорытынды жасайды [2]. Абайдың тілдік тұлғасын зерттеген Г.Ә.Мұратова қазақ тіл біліміндегі тілдік тұлғаның классикалық үлгісін ұлы Абайдың қазақ әдеби тіліндегі орнын саралау арқылы айқын көруге болатындығын атая келіп, тілдік тұлға мәселесін анықтауда «өзі менгерген ұлт тілі мен мәдениетін өзгеге таныта отырып, тілді тұтынушы ретінде әрі тілді жасаушы ретінде, тұластай алғанда тіл тарихына (синхронды, диахронды қүйіне), тілдің дамуына қандай үлес қосқанын айқындау мәселесі – тілдік тұлға мәртебесін одан әрі бекіте түсетін немесе оның тағы бір қырын, яғни толыққанды тілдік тұлға болмысын ашатын басты ұстаным болуға тиіс» – деп біледі [3, 11]. Ғалымдардың пікірінен байқанымыздай, тілдік тұлғаны айқындастырылған негізгі белгілердің бірі - оның этномәдени немесе ұлттық ерекшелігі. Жеке адамның тілі өздігінен өмір сүрмейді: ол сол ұлтқа жататын, мәдениеті мен дәстүрі ортақ басқа да адамдардың тілі арқылы қалыптасады.

Зерттеушілер тілдік тұлға феноменін әр қырынан қарастырып, өзіндік концепцияларын ұсынды, әсіресе, тілдік тұлғаны топтастырудағы назарға алынуы тиіс критерийлер мәселесі көтерілді. Тілдік тұлғаның категориялық ерекшеліктерін көрсетудегі белгілі бір факторларды ескеру тілдік тұлғаның бірнеше түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Этномәдени сипаты тілдік тұлғаның негізін құрай отырып ұлттық тілдік тұлға, ұлттық емес тілдік тұлға, билингвальді т.б. түсініктерді қалыптастырады. Ю.Н.Караулов, Г.И.Богин сынды ғалымдар тілдік тұлғаның сөйлеу мүмкіндіктеріне байланысты деңгейлік топтастырады: төменгі (семантикалық-құрылымдық) және жоғарғы деңгей (мотивациялық-прагматикалық) [1, 53-61]. С.А.Сухих психолингвистика түрғысынан мынадай тілдік тұлғаларды бөліп көрсетуді ұсынады: экспонентті, субстанционалды, интенционалды тілдік тұлға. Бірінші

денгейде коммуниканттың сөйлеу әрекеті белсенді, сендруге тырысатын, не өз күмәнін көрсететін, нақты фактілерге негізделмеген жалаң сөз болып келсе, екіншісі нақты және өмірлік тәжірибесіне сүйенеді, үшінші деңгей тілдік тұлғаның сөйлеу мақсатын айқындайды [4, 17].

Н.Д.Голев тілдік тұлға типологиясын жасауда оның сөйлеу әрекетіндегі және оған талдау жасау барысындағы нақты бір белгілерінің басымдық танытуын не әлсіз көрінуін ескерген жөн деп санап келесі типтерді атап өтеді: креативті және жинақтаушы мазмұнды және формалды, ономасиологиялық және семасиологиялық, ассоциативті және логика-аналитикалық типтер [5, 16]. В.И.Карасик тілдік тұлға типологиясын жасауда қарым-қатынас ортасының табиғи/жасандылығын тірек етеді. Осылайша ғалым тілдік тұлғаның үш типін көрсетеді: коммуникативті ортасында ана тілін қолдану қалыпты адамдар; басқа тілде қарым-қатынас жасау тән адамдар, мысалы, эмигранттар; басқа тілде белгілі бір мақсатта ғана (мысалы, оқуына байланысты) қолданатын, бірақ бұл қалыпты жағдай болып табылмайтын адамдар [6, 10].

К.Ф.Седовтің пікірінше, тілдік тұлға класификациясын жасаудағы негізі болатын басты фактор ретінде тұлғаның қарым-қатынас кезіндегі стратегиялық таңдауын алып қарауымыз қажет. Осы ой негізінде ғалым тілдік тұлғаның мынадай түрлерін бөліп көресетеді:

- 1) куртуазды тип; мұндай тілдік тұлға сөйлеу әрекетіндегі семиотикалық деңгейдің жоғары болуымен ерекшеленеді, яғни сөйлеуші әлеуметтік қарым-қатынастың этикеттік формаларын қолдануға бейім келуінен көрінеді;
- 2) рационалды-эвристикалық тип; мұндай тілдік тұлға ақыл мен санаға арқа сүйейді, негативті эмоцияны тұра емес, астарлы сөзben жеткізуге тырысады;
- 3) инвективті тип; бұл типтегі тілдік тұлғада, көрініше, сөйлеу әрекетіндегі семиотикалық деңгей төмен болып келеді, коммуникативті мінез-құлық эмоционалды-биологиялық реакцияның тікелей көрінісі болады [7].

Н. Үәли «Тіл экологиясы» мақаласында тілдік тұлағаны төрт түрге бөліп көресетеді:

1. әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип. Бұлар элитарлық тілдік тұлға.
2. әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификацияланған нормалардан қате жібетерін, сөйлеу тілі мен кітаби әлеуеті кей тұста айқын аңғара алмайтын мәден –тілдік орташа тип. Сан жағынан да басым осы орташа топ.

3. негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтін тілдік мәдени тип. Сан жағынан да, шамамен, орташа топтан кейінгі тип.
4. қарапайым сөйлеу тілімен сөйлейтін, бейәдеби элементтер мен диалектілерді қолдана біletіn тип [8].

Мәтін мен дискурсқа бағытталған зерттеулерде тілдік тұлға теориясындағы маңызды сұрақтардың бірі тілдік тұлғалардың әртүрлі дискурс типтеріндегі коммуникативтік мінез-құлқының ерекшеліктерін қарастыру болып отыр. Мақалада тілдік тұлғаның категориялық және типологиялық ерекшеліктері дискурсивті шарттылыққа ие болады деген тұжырым жасаймыз. Таңдау материалы ретінде соңғы кездері тілші ғалымдар ерекше назар аударып жүрген эпистолярлық мәтіндер алынады. Эпистолярлық мәтін - хат, ашықхат, телеграмма формасындағы адресатқа білгілі бір ақпаратты хабарлауға арналған мәтін [9, 628]. Ол хатқа тән тілдік-стильдік ерекшеліктерге ие. Олардың негізгілері ретінде полitemатика, стандартты құрылым, адресатқа бағыттылығын атай аламыз. Хат Н.А.Ковалева көрсеткендегі хат алмасуышы тұлғалардың коммуникативті, когнитивті, лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін толықтай ашып бере алатын «конвенциялды контекст» [10].

Ғылымда эпистоляр статусының терминдік атауында айырмашылықтар бар. Зерттеу бағытына байланысты «эпистолярлық жанр», «эпистолярлық стиль», «эпистолярлық дискурс» және «эпистолярлық әдебиет» терминдері қолданылады. О.П.Фесенко «Эпистолярий: жанр, стиль, дискурс» [11, 132] мақаласында эпистолярийді анықтаудың алты түрлі бағытына талдау жасайды: стиль ретінде қарастыру, жанр түрінде қарастыру, әртүрлі стильдер мен жанрлардың біріккен көрінісі тұрғысында, әдебиет пен өмірдің ерекше байланысы ретінде, сөйлеу жанры немесе дискурс ұғымы арқылы түсіндіру. Эпистолярий өзінің тақырыптық, құрылымдық және стилистикалық көптүрлілігімен, тұтас бір мәдени маңызды ерекшеліктердің кешенімен даралып, жанр, авторлық стиль не белгілі бір дискурс түрі ретінде анықталуы мүмкін. Жанрлық клише ретінде әртүрлі хат түрлерінің құрылымындағы арнайы тілдік формуаларды, мысалы, амандасу, қоштасу т.б. жатқыза аламыз. Эпистолярлық мәтіннің стильдік ерекшелігі оның табиғатынан ауызекі сөйлеу тіліне жақын болып келетіндігіне байланысты. Ауызекі сөйлеу стиліндегі бейресмилік, сөйлеу әрекетінің мәжбүрліксіз өтуі, қарым-қатынастың тұрмыстық бағыттылығы эпистолярлық мәтіндегі эмоционалды лексиканың көптігін,

алдын ала даярлықсыз жазылуын, тосын ойлардың қосындысы болып келуін түсіндіріп береді. Дегенмен жоғарыда көрсеткеніміздей эпистолярлық мәтінге тән басты белгілердің бірі - көпфункционалдылық. Хат мәтіні түрлі салалардағы коммуникациялық міндеттерді атқара алады. Осылан байланысты тек ауызекі сөйлеу стилімен байланысты ғана емес, басқа функционалды стильдер басымдық танытатын (публицистикалық эпистолярий, ғылыми және іскерлік хаттар т.б.) эпистолярлық мәтіндер туындаиды.

Тіл ғылымында эпистолярлық тілдік тұлға жайлы қарастырғанда, алдымен ақын-жазушылардың, белгілі тұлғалардың эпистолярлық мұрасын зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Әсіресе, орыс тіл білімінде бұл салаға байланысты көптеген зерттеу жұмыстарын кездестіре аласыз.

Нақты бір тұлғаның эпистолярлық сфера шенберіндегі коммуникативті әрекеті зерттелген бұл еңбектерге сүйене отырып, шартты түрде ұлттық, тарихи және дискурсивті инвариант эпистолярлық тілдік тұлға деген жаңа ұғымды аламыз. Е.Г.Зырянова, Э.М.Ножкина сынды ғалымдар оны жеке бөліп қарастыруды жөн санайды, бірақ ғылымда бұл атау нақты термин ретінде бекітілмеген. Бұл типтегі тілдік тұлғаны бөліп қарау эпистолярлық қарым-қатынас аясында автор образының мәтінде көрініс табуына ықпал ететін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды зерттеуді қажет етеді. Эпистолярийдің әртүрлі қарым-қатынас сферасында қызмет атқару ерекшелігіне әсер ететін лингвистикалық факторларға тілдің белгілі бір тарихи кезеңдегі даму жағдайы, мәтіннің тілдік ұйымдастырылуы, мұның өзі автордың тілдік бейнесінің ерекшеліктерімен байланысты. Экстралингвистикалық факторларға коммуникативтік мақсат, коммуниканттардың тұлғалық қасиеттері, олардың өзара арақатынасындағы ерекшеліктер, тақырыптық-жағдаяттық және пресуппозициялық контекст жатады. Бұлар тілден тыс құбылыстар бола отырып, тілдік бірліктердің ұйымдастырылуы мен іріктелуіне әсер етеді, яғни мәтін өзіне тән стильдік белгілерге ие болады. А.В.Курьянович **эпистолярлық тілдік тұлға** ұғымына мынадай анықтама береді: «ЭТТ - айқын түрде көрініс тапқан жанрлық-стильдік ерекшелікке ие, өзіне сәйкес дискурс типінің вербальді ядросы ретінде қарастырылатын, уақыт және кеңістік түрғысынан адресаттармен қашықтықтан тұлғааралық және әлеуметтік қарым-қатынас орнататын эпистолярлық мәтіндердің, яғни хат түріндегі жазба мәтіндердің авторы (адресанты)» [12, 255].

Ғалымның бұл пікіріне сүйене отырып эпистолярлық тілдік тұлға құрылымында жанрлық, стильдік және дискурстық деңгейлерді бөліп

көрсетуге болады деген тұжырым жасаймыз. Эпистолярлық тілдік тұлға құрылымының бұлайша деңгейлік ұйымдасуы оның коммуникативтік әрекетінің ерекшеліктерін кең ауқымда әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани контексте синхронды, әрі диахронды түрде зерттеуге мүмкіндік береді.

ЭТТ-ның категориялық белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

1. Жеке тұлғалық және нақтылық. Нақты адресанттың тұлғалық қасиеттері, оның физикалық жағдайы, психологиялық хал-ахуалы эпистолярлық коммуникацияның қалай өрбітініне жеткілікті дәрежеде әсер етеді. Хат мәтіні, әдетте, бірінші жақтан баяндалып, оған тұлғалық бағытталған сипат жүктейді, Н.Д.Голев [5] көрсеткендей, хаттарды «антропометіндер» қатарына жатқызуға мүмкіндік береді. Эпистолярлық қарым-қатынастың қашықтықтан жүзеге асырылуы хат авторының тікелей қатынастың жоқтығын өзі жайлы ақпаратпен бөлісу арқылы толтыруға деген қажеттілігіне алып келеді. Яғни, хат жазушы тек адресаттың хал-жағдайын сұрап қоймай, бірден, әдеттегі тікелей қарым-қатынаста болатын кері сұрақсыз-ақ өзінің жағдайы, болып жатқан жаңалықтар т.б. туралы ақпараттар бере кетеді.
2. Коммуникативтік құзыреттілік деңгейі. Адресанттың коммуникативтік құзыреттілігі коммуникативтік жағдаят талабына сәйкес белсенді, тұлғалық бағытталған қарым-қатынасты жүзеге асыру мүмкіндігін, коммуникативтік тактика мен стратегияларды мақсатқа сай таңдай білу, берілген жағдайға байланысты өзіндік ой-пікірі бар, әрі әртүрлі психологиялық тип өкілі болуы мүмкін адресатпен сәтті қатынас орната алуқабілетін анықтайды.
3. Нақты бір ғана коммуникация сферасына (ауызша-жазбаша) қатаң түрде бекітілмеуі;
4. Риторикалық шеберлік деңгейі;
5. экстравангвиликалық факторларға тәуелділігі (тарихи контекст, пресуппозициялық фон, нақты адресатқа бағытталу).

Эпистолярлық жанр теориясындағы шешімін табуы тиіс маңызды мәселелердің бірі әртүрлі критерийлер негізінде ЭТТ-ны типтеу сұрағы. Жоғарыда ғалымдардың тілдік тұлғаны түрлі фактілерге сүйене отырып, бірнеше жіктеме жасайтынын айттық, ЭТТ-ны қарастыра отырып А.В.Курьянович [12, 258] оны негізгі екі типке: нақты және модель тілдік тұлғаға ажыратады.

Бірінші жағдайда нақты адресанттың эпистолярлық идиостили әпистолярлық узуспен салыстыра зерттеледі. Эпистолярлық коммуниканттарға жеке тұлғалық сипат тән екендігін айтқан едік.

Осылайша әрбір ЭТТ-ның тілдік әрекеті онық тілдік санасты және тұлғалық қасиеттерімен тікелей байланыста болып, өзіндік риторикалық үйымдастымен, өзгеше коммуникативтік құрылымымен ерекшеленеді. Дегенмен, әрбір нақты эпистолярлық қарым-қатынас жағдайында қарым-қатынас мүшелері ұлттық қарым-қатынас нормалары негізіндегі жалпы ережелерге бағынады. Эпистолярлық коммуникацияға түсे отырып әр адресанттың белгілі бір жеке авторлық ерекшеліктері, хат жазудағы өзіндік "қолтаңбасы" қалыптасады. Бұл ерекшеліктерді ақын- жазушылардың эпистолярлық мұрасын зерттеу кезінде көруге болады: жиі қолданылатын тілдік оралымдар, окказионализмдер т.б.

Улгі ретінде халық қаһарманы, даңқты қолбасшы, жазушы Бауыржан Момышұлының хаттарын [13] қарастырып көрейік. Батырдың өзі жауынгерлік хаттары туралы «соғыста жүріп, мәнерлі, әрі жоғары талғампаздықпен, дипломатиялықпен сөйлеуден аластап қалған, сондықтан біршама дерекі келетін солдаттың тілі»-мен жазылғандығы жайлы айтады. Дегенмен сөз шеберінің әрбір хатынан қос тілді де (қазақ, орыс) жетік менгеріп, жоғары деңгейде қолдана алатынын көреміз. Ойын көркем тілмен жеткізе біліп, әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын жазушының тілдік тұлғасын жоғарыдағы Н.Уәлидің жіктемесі бойынша 1-типке - элитарлық тілдік тұлға тобына жатқызамыз. Қазақ тілінде жазылған хаттарында мақал-мәтел, афоризмдерді жиі қолданады: «Жаман достан жақсы дүшпан артық», «Жігіттер, араз арзан, достық қымбат» т.б. Екінші тіркесте Абай өлеңінен алынған белгілі «Жігіттер, ойын - арзан, күлкі – қымбат» афоризмінің құрамындағы сөздер ауыстырыла қолданған окказионалды тіркес. Мақал-мәтел, афоризм, тұрақты тіркестердің нормадан мақсатты ауытқуы ақын- жазушылар тілінде жиі кездесетін құбылыс.

Жазушы хаттарынан әскери адамға тән тік мінезді, батылдық пен нақтылықты көреміз. Бұл хаттардағы сөйлем құрылышының көбінебұйрық райында келуінен, қысқа сөйлемдерден аңғарамыз: Мәлік Ғабдулиннің «Занами Москва» шығармасына байланысты сын хатына «Асығыстық, шала-шарпы ойларың өзінді кейін ұлттып жүрмесін. Менің көргенімді «көрдім» деп жағаласпағын. Пікірінді ауызекі көзбе-кез айтқын,» - деп жауап береді. Мұхтар Әуезовтің «Намыс гвардиясы» пьесасына байланысты «Шығармадағы шындық қайда, сізге бұлай жазу жараспайды,» - деп ашық ой білдіреді. «Мен сізді әдебиеттің полковнигі деп жүрсем, сіздің мына шығармаңызға қарап ол ойымнан айныған сыңайлымын... Шығарманың кемшіліктерін көрсетіп өзіңзге қайтарып отырымын, егер сіз біз секілді лейтенанттардың пікірін қабыл алсаңыз,» -

деген жолдар оның ұлы жазушының шығармасын сынай отырып, оған деген зор құрметін де көрсетеді. Өзі әйгілі дивизияда батальон командирі бола тұра Әуезовті сөз өнерінің полковнигіне теңеп, ал өзін болса жай лейтенант санап әскери терминдерді әдебиет саласына байланысты ұтымды қолданады. Сондай-ақ Б.Момышұлы хаттарынан, әсіресе інісіндей болған Мәлік Ғабдуллинге жазған хаттарынан ағалық қамқорлық бірден байқалады. «Қарағым, қара тентегім –Мәлігім!» деп еркелете жауап жазған хаттары соған дәлел.

Қос тілде қалам тартқан жазушының қазақ тіліндег хаттарында әдеби және әскери терминдерді орысша қолданса («Прием автора, методология, решение проблемных вопросов, тағы басқа нәрселерге қалайынша араласуға болады? Видение мира деген нәрсені жазушыға табиғат қана береді емес пе?»), енді орысша жазбаларында қазақ мақал-мәтедерін жіңі мысал ететінін байқаймыз («Опыт убедил меня, что әдіссіздік -элсіздік, ептілікте –ерлік», «Сөз тапқанға қолқа жоқ. Бәдік айтыс - есть состязание быстрого мышления и остроумия»).

Жоғарыда эпистолярлық мәтіннің стильдік ерекшелігіне тоқталып, оның табиғаты хаттың жазылу мақсатына сай әртүрлі функционалды стильтерге жақын болуы мүмкін екендігін айттық. Жазушының эпистолярлық мұрасында стильтерді ауыстыра қолдану тәсілі кең қолданыс тапқан. Мысалы, Қазақ ССР Коммунистік Партиясының хатшысы М.Әбдіхалықовқа жазған хатынан тіл мәселесіне байланысты мәселелер көтеріліп, негізінен ресми стильтде жазылғанымен, елдегі тіл жағдайын өзінің өмірлік тәжірибесінде орын алған жағдайлармен дәйектеуінен ауызекі стильтге тән белгілерді, өлең сөздерді мысал етуінен көркем әдебиет стилін көре аламыз.

Эпистолярлық тілдік тұлға мәселесін қарастырғанда тіпті бір автордың хаттарының адресат өзгешелігіне байланысты тақырыптық, стильтік ерекшелікке ие болатынын қайталап айтқымыз келеді. Себебі хатты жазушы үнемі адресаттың тұлғасы, ой-өрісі, көзқарастарымен санасып, оған деген қатынасын білдіреді. Қорытындылай келе, эпистолярлық тілдік тұлғаның өзінің барлық құрылымдық деңгейінде (жанрлық, стильтік, дискурстік) көрініс табатын категориялық және типологиялық ерекшеліктерін анықтауға байланысты туындастын сұрақтар қазіргі дискурс теориясының, лингвоперсонология, мәтінтану, функционалды және коммуникативті стилистика аясында зерттелуді қажет ететін маңызды бағыттардың бірі деп айта аламыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. — М., 1987.
- 2 Қожахметова Ф.Б. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты //Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2004. – 124 б
- 3 Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі // Фил. ғыл. докт. автореф. – Алматы, 2009. – 56 б.
- 4 Сухих С.А. Прагмалингвистическое измерение коммуникативного процесса: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. Краснодар: Изд-во КубГУ, 1998. 29 с.
- 5 Голев Н.Д. Языковая личность и антропотекст в лингвистике и лингводидактике (типологический аспект) // Русский язык: исторические судьбы и современность: II Междунар. конгресс исследователей русского языка: Труды и материалы. М.: МГУ, 2004. С. 15-16.
- 6 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. Волгоград: Перемена, 2002. 477 с.
- 7 Седов К.Ф. Речевое поведение и типы языковой личности // Культурно-речевая ситуация в современной России. Екатеринбург, 2000.
- 8 Уәли Н. Тіл экологиясы // Ана тілі. – 2009. – №8 (949)
- 9 Стилистический энциклопедический словарь русского языка / под. ред. М.Н. Кожиной; члены редколлегии: Е.А. Баженова, М.П. Котюрова, А.П. Сквородников.— 2-е изд., испр. и доп. — М.: Флинта: Наука, 2006
- 10 Ковалёва Н.А. Русское частное письмо XIX в.: Коммуникация, жанр, речевая структура. Дис д-ра филол. наук. М., 2002.
- 11 Фесенко О.П. Эпистолярий: жанр, стиль, дискурс // Вестник ЧелГУ 2008. №23.
- 12 Курьянович А.В. Эпистолярная языковая личность: к вопросу определения категориальных и типологических черт // Сибирский филологический журнал. 2014. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/epistolyarnaya-yazykovaya-lichnost-k-voprou-opredeleniya-kategorialnchert>
- 13 Момышұлы Б. Қазақ халқының қаһарман перзенті, жазушы Бауыржан Момышұлына арналады / Құраст. Н.Қ.Қосаева. - Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, - 2011. - 3806.

## References

1. Karaulov İu.N. Ruski iazyk i iazykovaia lichnöst. — M., 1987.
2. Qojahmetova F.B. Tūrmağambet Iztileuov tıldık tūlgasynyň diskurstyq sipaty // Fil. ğyl. kand. diss. – Almaty, 2004. – 124 b
3. Mūratova G.Ä. Abaidyň tıldık tūlgasy: diskurstyq taldau men konsep tualdy jüiesi // Fil. ğyl. dokt. avtoref. – Almaty, 2009. – 56 b.
4. Suhih S.A. Pragmalingvisticheskoe izmerenie komunikativnogo prosesa: avtoref. dis .... d-ra filol. nauk. Krasnodar: İzd-vo KubGU, 1998. 29 s.
5. Golev N.D. İazykovaia lichnöst i antropotekst v lingvistike i lingvodidaktike (tipologicheski aspekt) // Ruski iazyk: istoricheskie südby i sovremenöst: II Mejdunar. kongres issledovatelei ruskogo iazyka: Trudy i materialy. M.: MGU, 2004. S. 15-16.
6. Karasik V.İ. İazykovoi krug: lichnöst, konsepty, diskurs. Volgograd: Peremen, 2002. 477 s.
7. Sedov K.F. Rechevoe povedenie i tipy iazykovoi lichnosti // Külturno-rechevaia situasia v sovremennoi Rosii. Ekaterinburg, 2000.
8. Uäli N. Til ekologiasy // Ana tilı. – 2009. – №8 (949)
9. Stilisticheski ensiklopedicheski slovär ruskogo iazyka / pod. red. M.N. Kojinoi; chleny redkollegii: E.A. Bajenova, M.P. Kotürova, A.P. Skovorodnikov.— 2-e izd., ispr. i dop. — M.: Flinta: Nauka, 2006
10. Kovalöva N.A. Ruskoe chastnoe pismo XIX v.: Komunikasia, janr, rechevaia struktura. Dis d-ra filol. nauk. M., 2002.
11. Fesenko O.P. Epistoläri: janr, stil, diskurs // Vestnik ChelGU 2008. №23.
12. Küränovich A.V. Epistolärnaia iazykovaia lichnöst: k voprosu opredelenia kategoriälnyh i tipologicheskikh chert // Sibirski filologicheski журнал 2014. №4.  
URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/epistolyarnaya-yazykovaya-lichnost-k-voprou-opredeleniya-kategorialnchert>
13. Momyşuly B. Qazaq halqynyň qaharman perzenti, jazuşy Bauyrjan Momyşulyna arnalady / Qұrast. N.Q.Qosaeva. - Almaty: Ortalyq ǵylymi kitaphana, - 2011. - 380b.

*M.S.Zholshaeva<sup>1</sup>, Zh.A.Baltamuratova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

<sup>2</sup> “Qazbilim” National School Lyceum

## **EPISTOLARY LINGUISTIC PERSONA: CATEGORICAL AND TYPOLOGICAL DIFFERENCES.**

**Abstract.** . The article deals with issues related to the term-status of the phrase «epistolary linguistic personality», which is used in linguistic research in recent years. The original concepts of scientists in the study of the phenomenon of linguistic personality are compared, including various criteria taken into account in the typology of linguistic personality, their views on the grouping of linguistic personality in relation to the fields of linguistic science. The analysis of linguistic and extralinguistic factors taken into account when considering ETT, the image of the author within the framework of epistolary communication and the features of his linguistic expression in the text is carried out. Based on the definition given by A.V.Kuryanovich of the epistolary linguistic personality, categorical and typological features of the epistolary linguistic personality are determined. The material for the analysis was the letters of the national hero, writer Bauyrzhan Momyshuly to M.Gabdullin, M.Auezov, M.Abdikhalykov.

**Keywords:** epistolary texts, linguistic personality, typology of linguistic personality, epistolary linguistic personality.

*М.С.Жолшаева<sup>1</sup>, Ж.А.Балтамуратова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Каскелен, Казахстан

<sup>2</sup>Национальная школа-лицей «Qazbilim»

\*e-mail: [211301024@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301024@stu.sdu.edu.kz)

## **ЭПИСТАЛЯРНАЯ ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ: КАТЕГОРИЧЕСКОЕ И ТИПОЛОГИЧЕСКОЕ РАЗЛИЧИЕ**

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы, связанные с терминостатусом словосочетания «эпистолярная языковая личность», которое используется в лингвистических исследованиях последних лет. Сопоставлены оригинальные концепции ученых при изучении феномена языковой личности, в том числе различные критерии, учитываемые в типологии языковой личности, их взгляды на группировку языковой личности применительно к областям лингвистической науки. Проводится анализ языковых и экстралингвистических факторов, учитываемых при рассмотрении ЭТТ, образа автора в рамках эпистолярного общения и особенностей его языкового выражения в тексте. Исходя из определения, данного А. В. Курьяновичем эпистолярной языковой личности, определяются категориальные и типологические особенности эпистолярной языковой личности. Материалом для анализа послужили письма народного

героя, писателя Бауыржана Момышулы к М.Габдулину, М.Ауэзову, М.Абдихалыкову.

**Ключевые слова:** эпистолярный текст, языковая личность, типология языковой личности, эпистолярная языковая личность.

*Kелін түсмі 21 Сәуір 2023*

*Мереева Әйгерім<sup>1</sup>\**

<sup>1</sup> Сүлеймен Демирел мектеп-интернат-колледжі, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: [211301011@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301011@stu.sdu.edu.kz)

## **ФРАЗЕОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА КОГНИТИВТІ-КОММУНИКАТИВТІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ**

**Андратпа.** Мақала қазақ фразеологиялық жүйесін оқытудың когнитивті және коммуникативті әдіс-тәсілін анықтауға бағытталған. Қазақ фразеологиясының типологиялық және лексика-семантикалық сипаты, фразеологизмдердің функционалды - стилистикалық жіктелімі және прагматикалық сипаты туралы анықтамалар бере келе, когнитивті сипаттары қарастырылады. Зерттеу жұмысының қорытындысы ретінде мектепте фразеологизмдерді оқытудың когнитивті-коммуникативті моделін жүзеге асыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау жұмыстары ұсынылып, алдыға қойылған мәселелерді шешудің тиімді жолдары анықталады. Тіл білімінің лингвистикалық саласынан бастау алатын когнитивті сала мен когнитивті саланы белгілі бір тақырыпты менгеруде қолдану бүгінгі таңда креативті жолдардың бірі саналады. Мақала қазақ тіліндегі фразеологизм тақырыбын когнитивті-коммуникативті әдістерге салу арқылы оқытудың тиімді нәтижелерін көрсетеді. Зерттеу жұмысын қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері әдістемелік көмекші құрал ретінде пайдалана алады.

**Түйін сөздер:** когнитив, коммуникатив, оқыту, тіл, фразеологизм, методика, әдіс, тәсіл, оқушы, мұғалім.

Тіл үйренудің (*оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу*) негізгі төрт сатысы бар. Бұлар бірнеше методтар, мысалы коммуникативтік метод (оқушыны сөйлеуге, қарым-қатынас жасауға бағыттау, оқушылардың өз ойын қарапайым тілде жеткізе білуге үйрету, тақырыптың білімді менгерту) болса [1, 6], проблемалық метод (*әртүрлі проблемалық жағдайлар тудыру арқылы үйрету*), интерактивтік метод (оқушының ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру), проект (жоба) методы (жобалуа әдістері, постер қорғау), сұрақ-жасауда методы, түсіндіру әдістері [1, 7] және ойын методтары арқылы түсіндіріледі.

Қазіргі таңда озық педагогикалық тәжірибелер, инновациялық

*SDU Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods 2023/3 (64)*  
ұсыныстар, ғылыми даярламалар, дамыта оқыту технологиясы, өзгерілген технологиялар және дәстүрлі технология бағыттарында көлемді ақпараттар жеткілікті. Осы орайда фразеологиздерді оқыту методикасында «коммуникативтік әдіс» деп аталатын әдіс көбірек әрі жан- жақты талқылану үстінде.

Педагогикалық дамуда, мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасы басты негізге алынады.

Сондықтан коммуникативтік әдісті ұйымдастыру кеңістігіне де көбірек көңіл бөлінуде. Тіл үйренушілердің дөнгелене, еркін отырулары керек. Тілші-ғалым Лозановтың айтуынша, бұлай отыру тіл ережелерін менгеруге деген, жалпы ақпаратты қабылдауға деген құлышынысты арттырады [2].

Сыныптарда «П» әріпі түрінде қойылған парталар, мұғалімнің барлық оқушылармен еркін қарым-қатынас жасауына жағдай тудыруды.

Коммуникативтік метод алғаш рет 60-70-жылдары Британ елінде қолданыла бастаған. Ол кезде ағылшын тілі халықаралық тіл статусын енді ғана алған еді. Осы ретте шетелдік ғалымдар дәстүрлі оқыту түрлерінің жаңартылуын қолға алды. Бұл мәселелерді шешу барысында, дәстүрлі (аудио-лингвальді, грамматикалық аудару) [2] әдістеріне көңіл бөлетін тілдік-лингвистикалық талдаудан гөрі, практикалық түрдегі коммуникативтік әдіс өзінің өміршендігін көрсетіп үлгерді.

Әр сыныпта отырған оқушылардың жас ерекшеліктері, білім деңгейлері бөлек. Берілетін материалдар осы ерекшеліктерге сай болып, әрбір оқушының қабілеті, тілді қабылдау деңгейі ескерілгені дұрыс.

Осы ретте көрnekіліктердің (ойсуреттердің) де қажеттігін, оның оқушының тілге деген қызығушылығын арттыратынын ескертеміз. Себебі, көрnekілік арқылы оқушы көреді, естиді, ойлайды.

Сонымен қатар, тіл үйретуде мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы:

*Тиым салу емес – бағыт беру  
Басқару емес – бірге басқару  
Көндіру емес - сендеру  
Басылық емес – ұйымдастыру  
Шектеу емес – еркін тыңдау [3, 13]*

Сабак үстінде мұғалім аз сөйлеп, көп тындаиды. Жалпы қарым-қатынас бір арнаға бағытталады. Бір арнада бірнеше жаттығуды қызықты етіп ұйымдастыру – тілдің коммуникативтілігін арттырады.

Коммуникативтік әдіс мұғалім мен оқушы арасындағы психологиялық кедергілерді жоюға себебін тигізеді. Коммуникативтік

методтың негізгі мақсаты – баланың ойын екінші адамға қарапайым тілде жеткізе алуы, тілдік әркеттің толық орындалуы, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, әсіресе, сөйлемді онан әрмен шырайландыру үшін фразеологизмдерді қолдана алу қабілетін арттыру [4].

Мысалы, екі оқушының *адам бейнесіне қатысты фразеологизмдермен* байланысты бір-бірімен әңгіме құрауы (фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді қатыстыра отырып) немесе фреймдер жасау.



Сызба – 1. Фрейм үлгісі

Адам өмірінде ауызша сөйлеу үлкен орын алады. Әйткені ол қарым-қатынастың маңызды бөлігі. Толық қарым-қатынасты екі адам ауызша сөйлеу арқылы жасайды.

Оқытудың бастапқа сатысында фразеологиялық тізбектерді қолдана отырып, әңгімелесу ойындарын ойнату – тиімді нәтижелерге апарады. Ойын арқылы оқушылардың тілді білуіне деген сенімділігі мен қызығушылығы артады.

### Оқушының бойында мына қасиеттер қалыптасады:



Ойлау тапқырлық шыдамдылық белсенділік үйымдастыруышылық Ойын оқушының *мінез-құлқына, физикалық және эстетикалық тәрбиесіне, жас ерекшелігіне* үлкен әсерін тигізеді. Ойын жеткіншектің табиғатымен етіз. Әйткені, жеткіншек ойын арқылы жан-жақты дамиды [4]. Бұл ретте педагогикалық талаптарға сай ойындарды іріктеп, реттеп қолдана білсек, онда ол сабактың сапасын көтеріп, тиімділігін арттырады.

Мектеп бағдарламасындағы «Арман-ПВ», «Мектеп», «Атамұра» баспасының оқу бағдарламасын салыстыра келе, біз коммуникативті- когнитивті әдістерге

негізделген мынадай тапсырмаларды біз факультативті сабактар жүйесінде беруді ұсынамыз. Төменде берілген тапсырмалар оқулықтарда берілмегендіктен, дәстүрлі оқыту түріне әдістемелік ерекшеліктерді енгізуі дұрыс деп санаймыз.

Коммуникативті-когнитивті әдістер түрінде сабак үстінде мынадай әдіс-тәсілдер арқылы да **фразеологизмдерді** оқытуға, оқушының тілдік қорын байытуға болады:

*Тәжірибе - 1:*

**Жатыр ішер** Ойнадым

мен. **Дүйсенбіде**

Есінедім **Сейсенбіде**

Керілдім де **Сәрсенбіде**

Тынықтым.

**Бейсенбіде Жұма**

**күні** Толтырдым мен

Үйқыдағы кемдігімді Оқуыма

барғаным жоқ, Үйде болдым

**сенбі күні. Жексенбіде**

қанғырдым ау

Кешке үйқымды қандырдым ау

**Ойлан, суретін сал, сұрақтарға жауап бер.**

1. Өлеңдегі фразеологизмдерді тап.

2. Өлең неліктен «Жатып ішер» деп аталады?

3. Осы өлеңнің мазмұнына қарап қандай сурет салар едіндер?

4. Өлеңнің прототипі – Мырқымбайға қандай кеңес берер едін?

*Тәжірибе - 2.*

Сабакта өтілетін тақырып «*көзді ашып жүрганша*» болса, барлық тапсырманың түрлері (*сұрақ-жауап, тыңдау, айтуды, оқу мен жазу*), орындалатын тапсырмалар да осы тақырыптың аясында болуы керек.

Мысалы, осы тұрақты сөз тіркесі қайда, қашан, қалай қолданылатынын айта отыра, оны қатыстырып, жағдаяттық тапсырмалар орындаиды.

*Тәжірибе - 3.*

Сабактың тақырыбы «*Қонақ келсе...*» болса, қонаққа қатысты қазақтың мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерін айтып шығады. Сонымен қатар, қазақтың қонақ күтүге қатысты рәсімдерін, дастархан жаю мен дастархандағы әдептің қалай орындалатынын баяндау мүғалім мен оқушы арасында бір арнаға тоғысуы керек.

Бұл әдістер орындалған сайын оқушылар еркін коммуникативті қарым-қатынасқа үйреніседі, сонымен қатар, қазақтың салт-дәстүрлерін, фразеологизмдерді жатқа біletін болады.

Сабакта ойын ретінде кішігірім гипноз жасау арқылы да окушыны тілге баулуга болады. Сыныпта тыныштық сақтағаннан кейін, барлық окушылардың көзін жұмып, өздерін еркін ұстағаннан кейін, тек мұғалім тарапынан айтылғандарды орындау сұралады.

*Мысалы, мәтін мынадай:*

«Егер көзімізді жұмған болсақ, әркім өз қалауынша әдемі бір көлікке мінеміз. Содан кейін өзіміз қалаған бір кісін де отырғызып алып жолға шығамыз.

Табиғат өте тамаша, біз болсақ, әдемі көлігімізben ұзын әрі жылтыраған асфальтте зымырап кетіп барамыз. Бір жерге барып, біраз кідірдік, кейін қайта жолға шықтық. Біршама уақыттан кейін алдымыздан зәулім, әдемі бір ғимарат кез болды. Біз сол ғимаратқа тақап барып тоқтадық». Олай болса, көзімізді ашайық, - деп айтқаннан кейін, әрбір окушыға сұрақтар қойып, нені қиялдағанын, нені қалайтынын сұрап, қарым-қатынасты жылы дамытуға болады. Арасында әсерлі сөздерді тұрақты сөз тіркестерімен беруге машықтандарамыз.

Мысалы: *көз ілеңстірмей, лезде, әп сәтті* деген сөздері зымырап кеткен көліктері туралы ойларына қосып айтуды үйретеміз.

Оларға әрмен қарай да «Сен қандай көлікпен кетіп бара жатыр едің?», «Қасында кім болды?», «Ол сенімен сұхбаттасып отыр ма еді?», «Әлде, ренжулі ма еді?», «Табиғат, ауа-райы қандай еді?», «Ол адамды сипаттап бере аласың ба?», «Ал, сен жолда не үшін тоқтап едің?», «Сен көрген ғимарат қандай еді?», «Сен ол жерге не үшін барып едің?», т.б. сұрақтар қоя беруге болады [5, 46].

*(әдіс Г.К. Селевко «Педагогические технологии на основе активизации и интенсификации деятельности учащихся» жинағынан алынды)*

Бұл ойындар окушылардың жас ерекшелігіне сай ойын бүкпей айтуына, ашық, еркін болуына ықпал етеді. Мұғалімнің міндесі – окушыны жағдаятқа сай, түшімді сөйлеу алуға үйрету.

*Когнитивті оқыту технологиялары* - окушыларға берілетін ақпараттың сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік беретін тиімді шешімдерді ұсына алады және оларды терең өндеуді қамтамасыз ететін тапсырмалар жүйесін ұсына алады.

7-8 сынып окушыларының қабылдау деңгейі – зейін арқылы, мүқияттындау және көру арқылы жүзеге асады [6]. Берілген тапсырмалар окушының қабылдауына жеңіл, ұғынықты беріледі. Тапсырмалар окушының ізденуіне, шығармашылық деңгейге жетуіне мақсат етіледі. Мысалы, окулықтардағы тақырыптарға біз мынадай мақсаттар құрдық.

## Кесте – 1.

## Оқумақсаттары

Сынып	Оқу мақсаты	Тақырыбы
7	7Т/Ж4: Фразеологизмдер берілген әңгімені тындау және ішінде кездескен фразеологизмдерді жазу.	«Көшпенділер кімдер?»
7	7ӘТН3: Жалпы фразеологизмдерді және оның түрлерін танып біледі, ажыратады, саралайды.	«Достық дәнегі»
7	7А2: Фразеологизмдер мен мақалмәтелдерді айтып жарысады	«Сүйіспеншілік – тіршіліктің негіхзгі тірегі»
7	7О/Ж1: Мәтінді оқып, фразеологизмдерді тауып, астын сызады.	«Көшпенділердің жазуы»

Осы негізде, тәжірибеге алғынған тапсырмалар:

(7-сыныпқа арналған) 1-тапсырма.

Берілген тұрақты сөз тіркестерінің синонимдері мен антонимдерін табу.

-Тұрақты сөз тіркестері:

Дүние есігін ашу

Екі езуі екі құлағына жету

Қой аузынан шөп алмас

Жүргінің түгі бар

Қолы ашық

Арасынан қыл өтпеу

-Синонимдер

-Антонимдер .

2. тапсырма. Жаңа сөздермен жұмыс. Олардың анықтамасын табу.

Сүйінші

Байғазы

Тоқымқағар

Базарлық

Шашу

Тоқымқағар қағы

Базарлық


Шашу

Тоқым қағу

Сыйластық

Көрімдік

3- тапсырма. *Фразеологизмдер қатарын мазынасына қарай алгоритмдік кестеге сал.*



### **Бағалау критерийлері:**

- тұрақты сөз тіркестерінің синонимдері мен антонимдерін таба алады.
- сөздік арқылы жаңа сөздермен жұмыс жасай алады;
- фразеологизмдер қатарын мазынасына қарай ажыратта алады.

Нәтижесінде оқушы фразеологизмдерді оқыту үрдісінің белсенеді қатысушысына айналады. Оқу процесі қарым-қатынас және нақты оқушылардың ерекшеліктерінің нақты модельдерінен тұрады, себебі, тек фразеологиялық білімге ие болы тұрып қазақ тілін мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында қолдану мәселелері бар.

Корыта айтқанда, оқыту үрдісінде фразеологизмдерді оқытудағы когнитивті-коммуникативті технологиялар оқыту мазмұнын қатесіз игеруді және білім алушылардың когнитивті, ақпараттық, коммуникативтік және кәсіби құзыреттілін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Махметова А.С. Етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық ерекшелігі мен грамматикалық қолданысы. Қарағанды университетінің хабаршысы, 2006-73б.
- 2 Сатенова С. Қос тағанды фразеологиялық тіркестердің авторлық қолданысына қарай өзгеруі. – Алматы: Ғылым, 1997. – 126 б.
- 3 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. -196 б.
- 4 Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. –Алматы:

- 5 Селевко Г.К. «Педагогические технологии на основе активизации и интенсификации деятельности учащихся» жинағынан алынды
- 6 Қайдаров Ә. Қазақ этнолингвистикасы: Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998 -98б.

## References

1. Mahmetova A.S. Etistikti frazeologizmderdiň leksika- semantikalyq erekşeligi men gramatikalyq qoldanysy. Qarağandy universitetiniň habarşysy, 2006-73b.
2. Satenova S. Qos tağandy frazeologialyq tırkesterdiň avtorlyq qoldanysyna qarai özgerui. – Almaty: Ğylym, 1997. – 126 b.
3. Smağılıva G. Maǵynalas frazeologizmderdiň ülttyq mädeni aspektleri. – Almaty: Ğylym, 1998. -196 b. 4 Smağılıva G. Frazeologizmderdiň varianttylyǵy. –Almaty: «Sanat»1996.- 11-12 b.
4. Selevko G.K. «Pedagogicheskie tehnologi na osnove aktivizasiyi i intensifikasii deiatelnosti uchaşıhsä» jinaǵynan alyndy
5. Qaidarov Ä. Qazaq etnolingvistikasy: Qazaq tiliniň özektı mäseleleri. – Almaty, 1998 -98b.

*Мереева Айгерим<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Школа-интернат Сулеймана Демиреля, Алматы, Казахстан

\*e-mail: [211301011@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301011@stu.sdu.edu.kz)

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОГНИТИВНО-КОММУНИКАТИВНЫХ МЕТОДОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ ФРАЗЕОЛОГИИ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

**Аннотация.** Статья направлена на определение когнитивно-коммуникативного подхода к обучению казахской фразеологической системе. Рассматриваются когнитивные характеристики казахской фразеологии, дающие определения о типологическом и лексико-семантическом характере, функционально-стилистической классификации и pragматическом характере фразеологизмов. В качестве итогов исследовательской работы предложена работа по анализу результатов опытно-экспериментальной работы по реализации когнитивно-коммуникативной модели обучения фразеологизму в школе, определяются эффективные пути решения поставленных задач. Когнитивное поле, которое берет свое начало из лингвистического поля языкознания, и

*SDU Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods* 2023/3 (64)  
использование когнитивного поля в изучении определенной темы, сегодня  
считается одним из творческих способов. В статье показаны эффективные  
результаты обучения теме фразеологии на казахском языке с  
использованием когнитивно-коммуникативных методов.  
Исследовательская работа может быть использована учителями казахского  
языка и литературы в качестве методического пособия.

**Ключевые слова:** познавательный, коммуникативный, обучение,  
язык, фразеология, методика, метод, ученик, учитель.

*Mereyeva Aigerim<sup>1</sup>*

Suleyman Demirel Boarding School-College, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: [211301011@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301011@stu.sdu.edu.kz)

## **THE USE OF COGNITIVE-COMMUNICATIVE METHODS IN TEACHING PHRASEOLOGY IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS.**

**Abstract.** The article is aimed at defining a cognitive-communicative approach to teaching the Kazakh phraseological system. The cognitive characteristics of Kazakh phraseology are considered, which give definitions of the typological and lexical-semantic character, functional-stylistic classification and pragmatic character of phraseological units. As the results of the research work, the work on the analysis of the results of experimental work on the implementation of a cognitive-communicative model of teaching phraseology at school is proposed, effective ways of solving the tasks are determined. The cognitive field, which originates from the linguistic field of linguistics, and the use of the cognitive field in the study of a particular topic, is today considered one of the creative ways. The article shows the effective results of teaching the topic of phraseology in the Kazakh language using cognitive-communicative methods. The research work can be used by teachers of the Kazakh language and literature as a teaching aid.

**Keywords:** cognitive, communicative, learning, language, phraseology, methodology, method, student, teacher.

*Келін мүсні 4 Наурыз 2023*